*Мақсатым – тіл ұстартып,*
*өнер шашпақ...*
АБАЙ.

ISSN 2410-6712

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың наурыз айынан бастап шығады

**5/2019 МАМЫР**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

***Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.***

## МАЗМҰНЫ


*Тілдік қарым-қатынас қырлары*

**Т.ЖҰРТБАЙ.** "Әдебиет танытқыштан" – әдеби тәжірибеге ....3

*Өнегелі өмір*

**Р. С. ЕЛУБАЕВА.** Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым ....16

**Г. КАРИМОЛДАҚЫЗЫ** Асылдың мұрасы ....22

*Ізденген жетер мұратқа*

**С.Қ.САПАРҒАЛИЕВА.** Өміршең өлең құдіретін темірқазық қылған – Бақыт Беделханұлының кешегісі кемелді, болашағы беделді ....26

*Даналық ой мұхитында*

**Т. Б. АБРАРОВА.** Әйел-педагог (эссе)....34

*Латын әліпбиі*

**Н. АЙЫМБЕТ.** Сіздің көзқарасыңыз бойынша – латыншаға көшудің терең логикасы....40

*Оқулыққа қосымша*

**А. С. АХМЕТБЕКОВА.** Мектеп оқушыларына М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын насихаттау ....43

*Ұстаз сыры*

**Н. Т. ҚАЛИХАНОВА.** Менің педагогикалық ұстанымым ....49

*Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

**К.Т. САЙДУЛЛАЕВА.** С.Торайғыров "Шәкірт ойы" ....52

**К. БЕРЕКЕ.** Б. Соқпақбаев "Менің атым – Қожа"....57

**Т.К. БАЙМУРЗИНА.** "Алып Ер Тұңға" жыры ....61

**Ш. К. ИМАНБАЙ.** Ш.Құдайбердіұлы "Еңлік- Кебек" дастанының идеясы ....67

**Б. ЧИНИБЕКОВА.** Ж. Аймауытовтың "Ақбілек" романындағы Ақбілек образының ұлттық сипаты және психологиялық күйзелісінің шығармада жинақталуы....73

*Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

**Э. Н. МЕДЕТОВА.** Қазақ халқының салт-дәстүрлері ....79

**Т.АШИКОВА.** Түгел түркі тілі толғаған толағай жыр ....86

**Ү. А. БЕКТҰРҒАНОВА.** Тарихи тұлғалар....92

**Қ.Ә. ШӘРІП.** ЭКСПО 2017 – Астана қаласында ....97

**М.С. КАМЗИНА.** Қазақтың киелі домбырасы ....104

**Б. Б. ҚОСАНОВА.** Қазақстанның қазба байлықтары ....109

*Колледж кеңістігінде*

**Г. А. ТАШИРОВА.** Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы ....115

**І. Т. ТОХТАРХАНОВА.** Көркем әдебиет стилі ....119

*Сыныптан тыс жұмыс*

**А.С. ИСКАКОВА.** Еліме қуат, халқыма шуақ бер, әз Наурыз! ....122

*Уақыт пен тарих*

**М.Х. ТУЛЕУБАЕВА.** Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жариялануы....134

*Кітапхана тынысы*

**Р. КЕНЖЕБАЕВА.** Ата салтың – халықтық қалпың....142



**Т.ЖҰРТБАЙ,**
**Л.Н.Гумилев атындағы**
**Еуразия Ұлттық**
**университетінің жанындағы**
**«Отырар кітапханасы»**
**ғылыми орталығының директоры.**
**Филология ғылымдарының**
**докторы, профессор.**


# "ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШТАН" – ӘДЕБИ ТӘЖІРИБЕГЕ

*(А.Байтұрсынұлының әдебиеттану терминдері және кеңестік қазақ әдебиетіндегі жағымсыз образдардың идеялық астары)*


**Аңдатпа:** Көркем шындықтың астарын тарату, яғни, көркем шындықтың ішінен тарихи не өмірлік шындықты суыртпақтап алып шығу – ақыл мен тарих таразысының міндеті. Бұл мақалада кеңестік өнер иелері, соның ішінде кеңестік түркі республикалары жазушыларының өз туындыларында социалистік реализм әдісін (методын) пайдалана отырып, жағымсыз образдар арқылы өзінің идеясын, ал әдебиет сыншылары – сол жағымсыз бейнелердің іс-әрекеті мен ой-мақсатын талдау арқылы жазушының түпкі идеясын және оның астарын емеурінмен аңғартқан шеберлігі кеңінен талданады.



**Түйін сөздер:** әдебиет, көркем шындық, сөз өнері, жағымсыз образ.



**Summary**: The propagation of artistic truth, that is, the exclusion of historical or realistic truth from artistic truth - is the task of the mind and history scales. In this article, Soviet artists, including writers of the Soviet Turkic republics, have their own ideas through negative images, using the method of socialist realism (method) in their works, and literary critics - the idea of the writer and the idea of the

author his skillful skill is examined widely.

**Key words:** literature, artistic reality, vocal art, adventure.

***Мен өз сөзімді бір сұрақпен бастағым келеді:*** *"Рух дұшпаны" – Кеңес өкіметін құлатқан, Кеңестер Одағын күйреткен – қандай күш? Қару емес, ол – тым ашық жол. Кеңесті күйреткен күш – ішкі қарсылық күші, рух күші.*

*Ондай құдіретті идеологияны кеңестік санаға кімдер кіргізді?*

***Ол күш*** – көркем сана, көркем шындық, яғни, көркем әдебиет пен публицистика. Өйткені көркем тарихи шындық – барлық тарихи және өмірлік шындықтан өтімді. Көркемдік шындық арқылы суреткер: *"Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіре алады "[1, 154-155].* Сондықтан да көркем ой – әр адамның ұлттық санасына тарихи деректен бұрын ұя салады әрі оның қиялын ұшқырлықпен жетелеп, көркем әсер арқылы жаңа идеяны оятады. *"Сәнді әліптемеде* ***(көркем идеяда тақырып – Т.Ж.)*** *қандай белгілерін алу – әліптеушінің (жазушының) көздеген мақсаты бойынша болады" [1, 252].*

Бұл өзі – аясы кең, астары тереңде жатқан, көркем таным мен тарихи таным мәселесіне ғана қатысты емес, әдебиеттану мен тарихтану (историография) пәнінің жік-арасын ажырататын әрі тұтастандыратын, сөйтіп, бірін-бірі толықтыратын, бірақ әлі де орнықты зерттеу логикасы қалыптаспаған ғылыми теориялық мәселе. Бұл мәселені алғаш қазақ әдебиеттануы ілімінде мәселе етіп қойған және өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың ара-жігін талдаған еңбек – Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда біз тәмсіл етіп алған анықтамалар берілген "Әдебиет танытқышы"[1].

Ол көркем туындының түп тамырын: *"Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі:* ***1. Ақылға, 2. )Қиялға, 3. Көңілге. Ақыл ісі*** – *аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау.* ***Қиял ісі*** – *меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау.* ***Көңіл ісі*** *– түю, талғау"* [1, 154], – деп таратады. Мұндағы ***"қиял ісі" дегеніміз*** *– "суреттеп ойлау", бүгінгі қалыптасқан теориялық терминмен айтқанда, "көркем шындық".* Ал тарихи шындыққа кіндік тамыры байланған тарихи шығармаларды А.Байтұрсынұлы ***"заман хат"*** дейді. ***Дейді де шығармалардағы тарихи көркем шындықты тарихи шындық тұрғысынан талдауды тарихшылардың еншісіне қалдырады.*** Ол: *"Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрін ала бермейді. Аударып, ақтарып түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтардан ғана алады",* – деп атап көрсете келіп: *"Заман хатта уақиға* ***уақыт сарынымен*** *жазылмайды,* ***іс сарынымен*** *жазылады.* ***Заман хатта боларлық бір кемшілік мынау:*** *уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушы өз көңілінің күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал. ... Сонда да тарихқа беретін жемінің молдығынан заман хат өте құнды сөздер есебіне қосылады" [1, 248],* – деп көркем шындықтың мысының мықтылығын, құнының жоғарылығын, себебі оның "жемісінің молдығын", яғни, мазмұндас мың өмірлік шындықты, оқиғалас он тарихи шындықты бір ғана көркем шындық арқылы түйіндеп беруге болатынын анықтап көрсетіп отыр.

Ал сол *“түйінделген” көркем шындықтың астарын тарату, яғни, көркем шындықтың ішінен тарихи не өмірлік шындықты суыртпақтап алып шығу – ақыл мен тарих таразысының міндеті”* деген емеурін танытады.

Қазіргі күнде көркем шындық пен тарихи-өмірлік шындықты талдау барысында көптеген ілім салалары, соның ішінде тарихшылар да көркем шығармаларда баяндалған көркем шындықтың әсерінен арыла алмай, ондағы көркем әдебиеттің басты талабы мен ерекшелігі болып табылатын *(сюжетті шырықтыру, конфликт, көркемдік шешім мақсатында пайданылған)* қиялдан туған оқиғаларды өмірде болған нақты дерек ретінде қарастыратын ыңғайға бейім. Бұл – көркем шығарманың Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы жіліктеп берген “***1). ішкі пікір жағы” мен 2). тысқы тіл жағын”*** [1, 162], сонымен қатар туындының “мазмұнының үш мүшесін: ***1. аңдату; 2. мазмұндау; 3. қорыту”*** [1, 157] ажыратпау немесе ажырата алмау. Соның салдарынан жазушының көркем көзқарасын оның тарихи көзқарасы, тұжырымы ретінде қарайтын жағдайлар орын алып келеді. Ал, шындығында, *“адам ісінен* ***(ойынан – Т.Ж.)*** *шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің істе(лі)п шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріседі”*[1, 150]. Яғни, шығарма – автордың ойдан құрастырған төл туындысы, ол өмірді не тарихты көшіріп қана беріп отырған жоқ. Әсірелеп, астарлап, *“сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсетіп, бүкпелеп айтады” [1, 198].*

Бұл мәселе, әсіресе, саясаттанған идеологиялық қоғамда (Кеңес Одағында) өмір сүрген шығармашылық иелерінің туындыларын бүгінгі көзқарас тұрғысынан



бағалауда анық байқалып отыр. Бұлай біржақты үкім шығару – әдебиетке де, шығармашылық иесіне де, зиялы оқырмандарға да қиянат. Кеңес өкіметі “өзінің идеологиялық дұшпаны” деп есептеген тұлғалардың және түрлі ұйымдардың атын ататпады, оларды тек жағымсыз жағынан ғана көрсетіп, халықтың жауы ретінде бейнелеуді талап етті. Осыдан келіп, социалистік реализмнің талабымен өмірге келген көркем шығармалардағы (роман, хикаят, әңгіме, пьеса, поэзия), жағымды және жағымсыз образдар арасындағы тартыс (конфликт) мәселесі бара-бара аса шиеленісті көзқарас қайшылықтарына алып келді. Бұл кілтипан – Ахаңның соқыр санаға сәуле түсірген, табандап қалған талғамға қанат бітірген, әдебиеттің, яғни, көркем шығарманың ***“сәнді әліптемесін”*** (көркем идеяны), жазушының *“ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіретін», «қазақтың «пердемен жасырып сөйлейді” дегенінен шыққан, “бернемен сөйлейді” ...иә: “бернемен сүгіреттеп сөйлейді” – деген” [1, 180]* сөз тіркесінің астарын түсінбеуден туған кілтипан. Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттің, соның ішінде көркем туындының ең жанды буынын тап басып көрсеткен. ***Өйткені астарсыз, емеуірінсіз, “бүкпелеусіз” шығарма – көркем шығарма емес, жадағай баяндалған кәдімгі бопыр сөз. Көпірме көбік.*** Сондықтан да: *“Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, үйткені: “****Бернемен сөйлейді”,*** *– деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенді айтады.* ***Бернелеу*** *– сол мағынасы жасырын сөздің нағыз өзі. Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады» [1, 180].*

***Оның мәнісі мынада:*** мен енді “Әдебиет танытқышта” айтылған теориялық қисындарды әдеби өмірдегі тәжірибелерді тәпсірлеу арқылы пікірімді тиянақтауға көшейін. Мысалы, осы жолдардың авторы ***(мен)*** “Түркістан легионының” өмірде болғанын және Мұстафа Шоқай, Қаюм хан, Баймырза Хайт, Қарыс Қаңатбаев, Мәжит Айтбаев, Қалимолдин, Қорқыт, Асан Қайғы деген есімдерді 16 жасымда чекист, полковник Серік Шәкібаевтің “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты деректі хикаяты арқылы білдім. Әрине, бұл шығармада: легион – Кеңес өкіметіне қарсы жау құрылым, ал аталған адамдар Отанын сатқан опасыздар ретінде суреттелген, яғни, жағымсыз кейіпкер ретінде алынған. Бірақ шығарма кейіпкерлерінің: *“Біздің мақсатымыз – түрік бірлігі, түріктектес халықтардың азаттығы, тіл, діл, дін бірлігі”,* – деп айтқан сөздері әлі де көзқарасы қалыптаспаған жас, әсершіл оқырманның ұлттық сезімі мен санасын оятты. Мысалы, сол шығармадағы жағымсыз кейіпкердің бірі – Асан Қайғының атынан жазылған хаттағы: *“Сондықтан да сізден менің сұрайтыным, нинистр мырза:*

***1.****Татар мен Башкирияны Түркістанға қосу;*

***2.*** *Егер Қаюм хан татар-башқұрттармен бірлесіп еңбек етуден бас тартатын болса, онда қазақ-қырғыз және татар-башқұрт халықтарынан жеке мемлекет құру;*

***3.*** *Қазақ-қырғыз және башқұрттардан бөлек легион ұйымдастыруды, осыған байланысты “Түркістан легионындағы” қазақ-қырғыздарды осы легионға ауыстыру;*

***4.*** *Қазақстан, Қырғызстан және Еділ-Орал проблемасына басшылық етуді Берлинде бір жерге жұмылдыру... Ресейдің сорлы халықтары өздерінің құтқарушысын тапты”[2],* – деген мәліметтің өзі неге тұрады?



Мұндағы көтерілген мәселелер “Иттихат уә тараккидің” Түркістан өлкесіндегі ұйымдардың алдына қойған жалпы мақсаттармен тікелей астасып жатыр. Осындай мағлұматтарды ол кезде тек көркем шығармадан, соның ішінде жағымсыз кейіпкердің диалогінен ғана білуге болатын. Асан Қайғының хаты арқылы чекист полковник “Ресейдің сорлы халықтарының” мұң-мұқтажы мен саяси аңсарын оқырманға жеткізіп отыр. Ал: ***“Көп мәселенің ішінде біз үшін ең қиыны – тіл.*** *Ресей бізді алфавитсіз қалдырды, үйірді-айналдырды, ақырында, орыс алфавитін берді... Каюм хан мырза бізді мүлдем тілсіз қалдырды. “Милли Түркістан” журналы мен радионы ол өзбек тілінің монополиясына берді де бізге: “Сол тілді үйреніңдер!” – деді. Каюм хан мырза біздің ескі жарамызға тиіспесе жөн болар еді...” [2],* – деп баяндалатын тіл мәселесі ол кезде Қазақстанда өте шиеленісіп келе жатқан.

“Иттихат уә тараккидің” жалпы тұтас Түркістан идеясын жүзеге асыру барысындағы үлкен қайшылық та осы “ортақ тіл” мәселесінен туындаған болатын. Соның ішінде әдеби тіл ретінде татар не өзбек тілін қолдану туралы пікірталастары саяси реңк алды. Қазақ зиялылары да ондай жасанды тілді ***“шырықты бұзған шұбар тіл”*** деп атады. ***Бұл қазір де – шетін әрі намысты мәселе.***

“Қаншама большевиктеніп, “чекистеніп” кетті”, – десек те, қазақ тілінде көркем шығарма жаза алатындай қабілетке ие адамның өз ұлтының өткен тарихы мен алдағы уақытта күтіп тұрған тұйық жолын қаперге алмауы мүмкін емес еді. ***“Үлкен Түркістанның***

***күйреуі”*** араб тілі пәнінің ұстазы Нұралы Өсеровтің ой салуымен студенттердің, соның ішінде Айтуған Шәйімов, Мұратхан Қаниев, Құрманғазы Бексайынов, Есен Сафуанов, Несіпбек Айтов, Жанболат Әуіпбаев, Аманжол Қанафин сияқты курстастарымыздың арасында үлкен пікірталас тудырды. Ақыры, 1970 жылы ақпанда “Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай әдеби диспут өткіземіз” деген желеумен жартылай жабық жағдайда өткізілген отырыс саяси пікірталасқа айналып кетті.. “Үлкен Түркістанның күйреуіндегі” Мұстафа Шоқайдың, Қаюм ханның, Баймырза Хайттың, Қарыс Қанатбаевтың, Асан Қайғының т.б. жағымсыз кейіпкерлердің диалогінде айтылған немесе жоғарыда келтірілген деректерге сүйеніп:

“***1.****Кез келген империя 300 жылдан артық өмір сүрген емес. Ресейдің қазақты колонияға айналдырғанына 300 жыл толады. Кеңес Одағы 2015-2025 жылдары құлайды.*

***2.*** *Бізді орыстанып кетуден* ***мұсылман діні*** *қорғап қалады.*

***3.*** *Бізді сырттан қолдайтын Түркия мемлекеті бар”,* – деген болжам жасадық.

Біз онда 19-20 жаста едік. Сол рух күресі қазақ жастарын 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына алып келді. Алла жар болып, азаттықты 40-41 жасымызда көрдік. Бостандық біз күткен күннен тез жетті. Шындығында да, Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы үш сағаттың ішінде мойындады. Азаттықты тездету жолында ***“Үлкен Түркістанның күйреуі” атты деректі хикаяттың авторы, чекист Серік Шәкібаевтің де,*** ондағы жағымсыз образдардың да, соның ішінде бүгінгі Баймырза Хайттың да ықпалы болды (Мұстафа Шоқайды емес, Баймырза Хайтты



тілге тиек етуіміздің себебін сәлден соң түсінесіз). Сонымен қатар Кеңес өкіметіне деген наразылығын кеңестік жазалаудың түрмесін де, жазалау саясатының қыспағын да қашан көзі жұмылғанша көрген М.Әуезов “Абай жолы” роман-эпопеясындағы Абайдың заманға қарата: “... Ей, сорлы заман, тар заман!.. Менің маңдайыма сені берді. Аштырмадың адымымды! Менен аяған қай қастығың қалды. Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар?” [3, 310-311], – деген монологі арқылы жеткізді. Сол әдіспен жазылған ***З.Шашкиннің “Ақын жүрегі” [4], І.Есенберлиннің “Қатерлі өткел” [5], Қ.Мұхамеджановтың “Жат елде” [6], Ә.Әлімжановтың “Мұстафа Шоқай”, “Стрела Махамбета” (“Махамбеттің жебесі”), “Чокану быть” (“Шоқан мәңгі”), С.Жүнісовтің “Жапандағы жалғыз үй” [9], Оралхан Бөкеевтің “Өз отыңды өшірме” [10],*** атты көркем шығармаларында ұлттық идея жағымсыз образдардың ойымен, көзқарасымен емеурін арқылы берілді. Сол туындылардың көркемдік әдіс-тәсілімен 1975-1976 жылдары жазылып, 1982 жылы жарық көрген менің “Жер-бесік” [11] атты роман-новелламда бостандық жолындағы күрес құрбаны кәрі абыз (озан) Кәрібоз (Шаһкерім Құдайбердіұлы) бен азатшыл ақын, түрік елі Шанаққаланың түбінде шайқасып жатқанда “Алыстағы бауырыма” деп өлең-хат жолдаған Саржанның (Мағжан Жұмабаев) образдары арқылы ұлт-азаттық идеясын оқырмандарға жеткізуге тырыстым.

Сыни мақалаларда С.Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу”, С.Мұқановтың “Өмір мектебі” атты мемуарлық шығармаларын сыни тұрғыдан талдау арқылы алаш қайраткерлерінің атын атап, олардың мақсаттары баяндалды. Сын мақалаларымызда

айтылған: *“Көркем әдебиетке үкім жүрмейді. Қазір әдеби сот жүргізетін заман емес”,* – деген пікірдің астарына үлкен мағына бергіміз келіп еді. Біз осы емеурініміз арқылы С.Мұқановтың: “Мағжанды және басқа да алашордашыларды халық алдында әшкерелеп, олардың халыққа жау элементтер екенін дәлелдеу мақсатымен 1924 жылдың басында Орынбор қаласында Мағжан Жұмабаевтың үстінен әдеби сот жүргіздік. Онда:

***1.*** *Жұмабаевқа қазақ халқының және қазақ халқының қорғанышы – “Кеңес өкіметінің де жауы ретінде үкім шығардық.*

***2.*** *Оның барлық шығармаларын оқырмандар аудиториясынан алып тастап, оқуға тыйым салу туралы үкіметке өтініш түсірдік.*

***3.*** *“Бұдан былай кеңестік баспа орындары М.Жұмабаевтың шығармаларын жариялауға жол бермеуі керек!” – деп әдеби-идеологиялық үкім шығардық» [4,510-511],* – деген пікірін жоққа шығарғымыз келген. Мұны “бернені” білетін көзі қарақты оқырмандар ишарасыз-ақ түсінді. Сондай-ақ тұтқында болған татар ақыны Мұса Жәлелдің ***“Моабит дәптері”*** арқылы милли Түркістан идеясын поэзия арқылы түсіндік. Сол жылдары ақын Жәркен Бөдешевтің ***“Аяулы Шығыс Түркістан” атты өлеңіне*** Абылай Түгелбаев марш екпініндегі ән жазды. Қазақ зиялылары бұл әнді оңаша отырыстарда хормен айтып жүрді.

Әрине, тек қазақ әдебиетіне ғана қатысты емес, Кеңес Одағының құрамындағы барша шығармашылық иелерінің мұндай көңіл күйі мен шығармалық идеясын әдебиет сыншылары жағымсыз кейіпкерлерді талдау арқылы олардың емеурін идеясын ашуға



ұмтылатынын КПСС Орталық комитеті білді. 1977 жылы “Көркем әдебиет сыны” туралы қаулы қабылдады. Компартияның қаулысы Кеңес өкіметі тұсында сот үкімімен парапар еді. Түркістан бірлігі, дін бостандығы, азаттық үшін күрескен жағымсыз образдарды талдап, пікір айтуға тыйым салды. Оны «ұлтшылдық идеясын насихаттау” деп бағалады. Соған қарамастан кеңес жазушылары жағымсыз образ арқылы өзінің басты идеясын жеткізіп отырды. Мен сол тұста 13 жыл бойы әдеби журналдың сын бөлімін басқарғандықтан да, мұндай тыйым салуға тікелей нұсқау алған әдебиетшінің бірі болдым.

Шүкір! Тәуелсіздікке жеттік. 1990-1995 жылдары арасында мұһажирлер Халифа Алтайды, Дәлелхан Жаналтайды, Хасен Өралтайды, Мансұр Тәйжіні, Мұстафа Өзтүрікті көрдім. 1995 жылы Алматыда Баймырза Хайтпен әңгімелестім. Сонда Баймырза марқұмнан кеңес әдебиетіндегі, соның ішінде С.Шәкібаевтің “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты деректі хикаятындағы өзінің жағымсыз образдардың бірі ретінде суреттелгеніне қалай қарайтыны туралы пікірін сұрадым. Сонда Баймырза Хайт марқұм:

– *Біз ол романды да, басқа беллестрикалық шығармаларды да, тұтқындардың естеліктерін де (әсерлерінде), чекистердің жазбаларын да білеміз. Ол – заманның жазмышы жаздырған сөздер. Оларға қарсы біз де өзіміздің лайықты жауабымызды бердік. Оның ең жақсысы – жағымсыз образдардың арқасында, сіздер – түркістандықтар, әсіресе, жастар біздің мақсатымызды білдіңіздер. Бұл – үлкен жетістік. Демек, чекистердің өзі бұл орайда бізге көмектесті,* – деп жауап берді.

Ал “Түркістан легионы” туралы С.Бекеновтің “Қазақ

тұтқыны" [12], Ә.Толғанбаевтің "Исповедь судьбы жестокой" [13] атты естеліктері Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана жарық көрді.

Сонымен, кеңестік өнер иелері, соның ішінде кеңестік түркі республикаларының жазушылары өзінің туындыларына социалистік реализм әдісін (методын) пайдалана отырып, жағымсыз образдар арқылы өзінің идеясын, ал әдебиет сыншылары сол жағымсыз бейнелердің іс-әрекеті мен ой-мақсатын талдау арқылы жазушының түпкі идеясын және оның астарын емеурінмен аңғартты. Оған Шыңғыс Айтматовтың шығармалары толық дәлел.

Кеңес өкімет тұсындағы көркем туындылардағы жағымды, жағымсыз образ және оның астары туралы мәселе – әлі де толық орнығып болмаған үлкен теориялық мәселе. Алдағы уақытта қоғамдық ғылымдар мен көркем әдебиетке арналған ғылыми конференцияларда арнайы сөз етуге тұрарлық. Әйтпесе бұрынғы кеңестік заманда өмір сүрген жазушылар мен олардың шығармаларының көркем идеясы ашылмайды. Бұл – сол халықтың 80 жылдық рухани өмірін сызып тастаумен парапар.

Міне, "Үлкен Түркістанның күйреуі" деректі хикаятының жағымсыз кейіпкерлерінің бірі – Баймырза Хайттың миллат рухына, азаттық идеясына көркем әдебиеттегі астарлы бернелеу тәсілі арқылы жасаған идеялық ықпалының бір көрінісі – осындай. Ал оның "Қоқан және Алашордаұлттық үкіметтері" ғылыми диссертациясы (1956 ж., Вестфалия) жеке талдауды қажет етеді. Жалпы алғанда, "Әдебиет танытқышта" орын алған кеңестік замандағы көркем шығармалардағы "әліптеме" (идея) мен "берне" (подтекст), тартыс пен көркемдік шешім, "ішкі пікір" мен "сыртқы пікір" сияқты түйткілді теориялық мәселелерді әдеби тәжірибелерге сүйене отырып тиянақтау – бүгінгі әдебиеттанудың басты міндетінің бірі" деп қарастырған лазым. Әйтпесе қазақ әдебиетінің қормалды ғасырының классиктері – қазақ әдебиетінің тарихынан ысырылып қалуы мүмкін. Оған мектептер мен жоғары оқу орындарына арналып жаңадан құрастырылып жатқан оқулықтардан С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т.Әлімқұлов, Б.Бұлқышев, Қ.Аманжолов т.б. тұлғалардың атының елеусіз ғана аталып өтуі не мүлдем ұшыраспауы дәлел, бұл – қауіпті нышан.

Әдебиет:

1.Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Алты томдық шығармалар жинағы. - Бірінші том. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 384 б.

2. Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі. Деректі повесть. - Алматы: Жазушы, 1968. - 264 б.

3.Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 336 б.

4. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. Өмір мектебі. Екінші кітап. -Алматы, 1955. - 519 б.

5. Шашкин З. Таңдамалы шығармалар. Құрастырған Т.Шаханов. - Алматы: Жазушы, 1979. - 6-том.-59-101-б.

6. Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. – 2-т. Қатерлі өткел. Роман. - Алматы: Жазушы, 1981. – 384 б.

7. Мұхамеджанов Қ. Шығармалары. Жат елде. Пьеса. – Астана: Фолиант, 2009. -29-69-б.

8. Алимжанов А. Собрание сочинений в 5-и томах, т.2. Стрела Махамбета. Роман. - Алматы: Жібек жолы, 2010. С. 4-262.



**Р. С. ЕЛУБАЕВА,**
**Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.**
**Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті.**
**«Филология» кафедрасының меңгерушісі.**
Тараз қаласы

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ

*(Филология ғылымдарының докторы Т.Р.Әбдіқадырова 60 жаста)*

Тіршілікте ғұмыр кешіп, өмірде де, ғылымда да өз орныңды табу – үлкен бақыт. Қарымды еңбек етіп, өз жөніңді, өз жолыңды білу – ол да бір берекелі іс. Адам болып аяқ басқан соң, азамат болып қалыптасу – әркімге парыз. Тек ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды парықты істің парасатына бөлейді. Міне, осындай ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарып, халық арасында бедел мен абырой жинап, ұлағатты ұстаз, зерттеуші ғалым, білікті де білгір басшы бола білген Әбдіқадырова Тұрсынай Рыстайқызының өмірі мен шығармашылық жолы ізденіске толы.

Қаншама түлектерді баптап қанаттандырған қара шаңырақтың бірі – Тараз мемлекеттік педагогикалық университетті «Қазақ филологиясы және латын графикасын оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Әбдіқадырова Тұрсынай Рыстайқызы жақында алпыс деген асқардың шыңына шықты.



1959 жылы 1 ақпанда Жамбыл облысы Жамбыл қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келген Тұрсынай Рыстайқызы 1979 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша үздік бітіреді.

Жасынан ойы ұшқыр, мінезі алғыр, білім-ғылымға жаны құштар Тұрсынай Рыстайқызы 1979 жылы университет қабырғасын тәмамдаған соң, Жамбыл облысы Талас ауданында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, мол тәжірибе жинақтайды.

– 1981-1990 жылдары Тараз қаласында қазақ тілі пәнінің мұғалімі;

– 1990-1998 жылдары Қаратау қаласында Қаратау тау-кен құрылыс техникумының оқытушысы;

– 1998-2004 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы және «Практикалық қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» кафедраларының меңгерушісі;

– 2004-2005 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында филология факультетінің деканы; 2005-– 2007 жылдары Алматы гуманитарлық-техникалық университетінің деканы;

– 2007-2010 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінде «Қазақ әдебиеті» кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі,

– 2010-2013 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Қазақ әдебиеті»

кафедрасының доценті қызметтерін атқарды. 2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін Тараз Мемлекеттік педагогикалық университеттінде «Қазақ филологиясы және латын графикасын оқыту әдістемесі» кафедрасының кафедра меңгерушісі қызметін атқаруда.

Ұстаздық жолмен ғылымды қатар алып жүре білген Тұрсынай Рыстайқызы 2002 жылы «Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық-педагогикалық мұраларындағы тұлғаны қалыптастыру мәселесі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап, ***2009 жылы "доцент" ғылыми атағын*** алды. ***2010 жылы «Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру» тақырыбында докторлық диссертациясын*** табысты қорғады.

Міне, ұстаз-ғалым Т.Р.Әбдіқадырова 1979 жылдан бастап табаны күректей 40 жылға тарта уақыт бойы білім-ғылым саласында талмай еңбек етіп келеді. Осы мерзім ішінде ол қаншама шәкірт тәрбиелеп, қазақ тілі мен әдебиетінің шын жанашыры, білікті маманы болып шығуына өз үлесін қосуда.

Бүгінде ұстаз-ғалым Т.Р.Әбдіқадырова ***«Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру мәселелері» (2008); «Алаш және ұлт қайраткерлері» (2014); «Мәңгілік Ел-жалпы ұлттық идеясы» (2015); «Алаш және ұлттық тұлға» (2017ж) атты монографиялардың, 5 оқу құралдың, 100-ге жуық ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.***

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері Алаш қайраткерлері мұраларындағы концептуалдық



тенденциясының Мәңгілік Ел идеясымен біртұтастығы және жаһандық әлеуеті мәселелеріне арналған.

Ұлағатты ата-анадан қазақи тәрбие алып, қазақ қызының барлық ізгі қасиеттерін бір бойына дарытып өскендіктен болуы керек Тұрсынай Рыстайқызы бүгінде кез-келген жанның қолынан келе бермейтін «Мәңгілік Ел – ұлттық идея» пәнінен дәріс жүргізеді. Тәжірибесі мол, білікті маман ретінде кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқара жүріп, ол ана тіліміздің, ұлттық педагогиканың қарыштап кең қанат жаюына өз үлесін қосуда. Тұрсынай Рыстайқызына тән бір қасиет – өз танымына, сезіміне, айналасына адалдығы. Оған дәлел – ұлттық педагогика, ана тілінің, әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарында Тұрсынай Рыстайқызының азаматтық мұратынан айнымауы.

Жалпы, педагогика, қазақ әдебиеттану ғылымдарына өз үлесін қосып жүрген білікті ғалым, ұлағатты ұстаз Тұрсынай Рыстайқызы әріптестері мен шәкірттері арасында зор беделге ие.

Осындай қажырлы еңбегінің арқасында Тұрсынай Рыстайқызы 2012 жылы «Ыбырай Алтынсарин атындағы сыйлықтың лауреаты» атағын иеленіп, 2014 жылдан іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі болды. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Ұлт азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай мерекелік медальмен, 2016 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медальмен, 2017 жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ыбырай Алтынсарин» белгісімен, 2017 жылы «ТарМПИ 50 жыл» мерекелік төсбелгімен,

2018 жылы Жамбыл облысы әкімінің 2018 жылғы 10 желтоқсанда № 261 өкімі бойынша «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы атанды.

Тұрсынай Рыстайқызы – ұлағатты ұстаз, зерделі ғалым, іскер басшы, адал жар, аяулы ана, ардақты әже.

Жолдасы Жанұзақ екеуі – 3 перзент өсіріп отырған үлгілі жанұя. Бүгінде ұлы Бақытжан мен қызы Гүлжаннан тараған 6 немеренің ақылшы ата-әжесі.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінде қызмет атқарған жылдары бір-бірімізге етене жақындасып кеттік десем болады. Бірге қызмет атқарған сол күндері Тұрсынай Рыстайқызын мен әр қырынан таныдым десем артық айтқаным емес. Ол – бірде білікті де білімді әріптес ретінде ақыл-кеңесін ағынан жарыла ақтарса, енді бірде үлкендік қамқорлығын аямайтын. Әрине, рухани ақылшы, тәжирбелі әріптес ретінде өмір жолымда ерекше сыйласқан, өзіндік ақыл-кеңесімен бөліскен Тұрсынай Рыстайқызы туралы айтар сыр таусылмайды.

Тұрсынай Рыстайқызы – ешқашан да еш нәрсеге мойымайтын, рухы мықты, бойында күш-қуаты зор, интеллектуалды азаматша. Ол – парасатты пайыммен қай ортада болмасын кісілігімен іріленіп, дарқандығымен даралана білетін тұлға. Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет көрсету, жақсылығын көргенге жамандық ойламай, бар жан жүрегімен ағынан жарылу – Тұрсынай Рыстайқызының кісілік болмысының алтын арқауы



десек те болар. Аузын ашса, көмейі көрінетін емен-жарқын мінезімен үлкен-кіші демей, парасаттылықпен қол ұшын беріп, адалдықпен еңбек ете білген білімпаз, ізденімпаз Тұрсынай Рыстайқызындай абзал азаматша қандай мақтауға да лайық.

Ендеше ұстаздық келбеті жоғары, ұшқыр ойлы, зерделі ғалым әркез ашық ақжарқын мінезімен көптің көңілінен шыққан білікті басшы Әбдіқадырова Тұрсынай Рыстайқызын бүгінгі 60 жылдық мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, асар асуыңыз әлі де көп болсын демекпіз. Ұлттық педагогика, қазақ әдебиеттану ғылымдарының биігіне шығып, іргелі еңбектерімен ел сеніміне ие болған Тұрсынай Рыстайқызы әлі талай ізденістің нәтижесіне қол жеткізері сөзсіз. Озық білім беріп, үлгілі шәкірт тәрбиелеуде де өнегелі жол көрсетіп, өрісті бағытқа көтерілері де даусыз. Сондықтан білімнің биігіне, ғылымның асқарына талмай, өрлей беріңіз демекпіз.

**Г. КАРИМОЛДАҚЫЗЫ**
**Арал аудандық тарихи-өлкетану мұражай филиалы ғылыми қызметкері.**
Қызылорда облысы

# АСЫЛДЫҢ МҰРАСЫ

Ғасырлар тереңінен бастау алып бабадан мұра болып жеткен төл өнеріміз "зергерлік өнерді" жалғастырып, қолөнер кәсібін заман ағымына лайықтап жандандырып, зергерлік өнердің қыр-сырын сақтап және оны дамытып келе жатқанына 60 жылдың жүзі болған, киелі өнер иесі Құдайберген Тағжанұлы Кулмамбетов ағамыз – Аралдықтардың, одан қалды еліміздің мақтанышы

Құдайберген ағаның өнері жайлы айтатын болсақ, "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" демекші, оның




әкесі Күлмамбет баласы Тағжан Арал теңізінің іргелес жатқан елді мекендеріне, қала берді көрші Қазалы, Шалқар қалаларына белгілі айтулы ұста болған. "Жігітке жеті өнер де аз" демекші, Тағжан ұста ат баптап, тазы ұстап, аң аулаған. Домбырамен жергілікті жыраулардың мақамымен "әу" дейтін өнері де болған. Палуан денелі, кең иықты, сөзі өтімді кейде халық "батыр Тағжан" дейтін болған. Оның да себебі жоқ емес, Тағжанның әкесі Күлмамбет бақуатты, батыр,



елге сыйлы кісі болған. Күлмамбеттің әкесі – Арал батыр. Арал батыр тарихтан белгілі, Жанқожа батырмен замандас, жорыққа бірге шығып, талай шайқастарға қатысқан, ал Тағжан ұстаның туған нағашысы Ізбасхан осы батырларға сауыт-сайман, қару-жарақ жасаған елге белгілі ұста болған.

Баланың үлкені Тағжан ұстаны шешесі кішкентайынан нағашыларына берген. "Үйдің жақсысы – ағашынан, жігіттің жақсысы – нағашыдан" демекші, ұстазы Ізбасханнан өнердің қыр-сырын меңгеріп (1902-1967), көзі жұмылғанша баласы Құдайберген ағамызға үйретіп кеткен. Толқындары тасыған Арал өңірінде 1954 жылы 1 ақпанда дүниеге келді. *"Өнерге талпыну үшін алдымен табандылық қажет"*– деп ұлы ойшыл Әль-Фараби айтқандай, Құдайберген



***2011 жылғы «ШЕБЕР-2011» Республикалық зергерлер конкурсында жеңімпаз атанған Қ.Күлмамбетовтың "Жыланбауыр" білезігі***

аға өмірдің ауыр жүгін бір кісідей арқалаған азамат, шешесі Қалмағанбетқызы Сәпимадан үш жаста, әкесі Тағжаннан жігіттік шаққа қадам басқан шағында айрылды. Тағжан ұстаның жалғыз тұяғы Құдайберген аға жас болғандықтан Тағжан ұстаның тұрмыстағы кіші қызы Қанзипа әке шаңырағына жанұясымен көшіп келіп бірге тұрады. *"Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер"* демекші, Құдайберген аға әкесінің құрал-саймандарымен тіршілік

қамына кіріседі. Әкеден балаға мұра 30-ға тарта таңба оюлар қалған болатын, сыңарөкше, түйетабан, құсқанат, күмбез, загрен, айшық, жыланбауыр, қос жүрек, т.б міне осыларды пайдалана отырып, жас шебер дүниеге небір зергерлік бұйымдарды әкеледі.

Құдайберген ағамен кездесіп, *“Аға, зергерлік өнеріңіздің ары қарай өрлеуіне кімдердің септігі тиді?”* – деп сауал қойғанымызда, зергер-ұста былай деп еске алды: *“Мен қаладағы Т.Г.Шевченко атындағы қазақ орта мектебінде (1962-1972) білім алдым. Еңбекке баулу сабағынан КСРО және Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі Жолмағанбетов Аманжол және сурет-сызу сабағынан, кейіннен Республикаға белгілі Қазақстанның Халық әртісі Құдайберген Сұлтанбаев (марқұм) дәріс берді. “Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы” демекші, менің өнерімнің өрге жүзуіне көп көмегі тиген ұстаздарымды мақтанышпен еске аламын. Мектепте жүргенде аудандық, облыстық көрмелерге қатысып, мектеп газетін көркемдеуші, түрлі мерекелік шараларды безендіру жұмыстарын атқара жүріп, 9 сыныпта өзім жасаған сурет полотналарын, қолөнер бұйымдарын біріктіріп, тырнақалды жеке көрмемді мектеп залына қойдым. Оған сол кездегі мақтау қағаздары дәлел болса керек. Менің Алтын ұядан басталған алғашқы төл туындыларым “Өнер” әлеміне осылайша самғады».*

Қазіргі таңда Арал қаласының айтулы, сыйлы азаматы, ҚР-ның Қолөнер шеберлер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикалық қолөнер шеберлерінің байқауларының жеңімпазы Құдайберген Тағжанұлы үлкен қолөнер әлеміне әкелген Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі, Қызылорда облыстық суретшілер ұйымының төрағасы Сәменов Шәкірбек аға болды. Осы кісінің ұйытқысымен



Құдайберген аға бірнеше туындылар жасап, облыстық, республикалық конкурстарға қатысып, шеберлігін шыңдай түсті.

1988 жылы Құдайберген аға алғаш рет Республикалық Бірінші қолданбалы өнер көрмесіне қатысты, көрмеге малдың сүйегі, мүйізінен жасалған домбыра апарды. Көрме нәтижесінде жұмысы жоғары бағаланып, “Құрмет Грамотасымен” марапатталды. Бірнеше мәрте кәсіпкерлік форумдарға қатысып, 2004 жылы заңды түрде “Мұрагер” жеке кәсіпкерлігін ашты.

Қазіргі таңда Құдайберген аға қолынан шыққан зергерлік бұйымдар Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Қазалы музейлерінде орын алған. “Көненің көзіндей – асылдың өзіндей” атты телеочерк түсіріліп, алтын қорға алынған.

Құдайберген ағаның тынбай еткен еңбегінің арқасында “Халықтық кәсіпшілік”, “Халықтық көркем кәсіпшілік” сапаларының жеңімпазы, ҚР Туризм және спорт министрлігінің “Құрмет” грамотасының иегері, “Қазақстанның үздік тауарлары” конкурсында облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталған.

Зергердің жасаған еңбектері сыр бойының шеберлеріне арналған “Көненің көзі”, “Сырдың сырлы бояулары” атты кітап-альбомға енгізілген.

Көз жауын алып, көңіл толқытқан бабалар мұрасын жалғастырушы, Абай атамыздың сөзімен айтсақ: *“Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек болар. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерші – қазақтың әулиесі сол”* – Құдайберген Тағжанұлы осындай тұлға демекпіз.

**С.Қ.САПАРҒАЛИЕВА,**
**Абай атындағы ҚазҰПУ**
**Филология және көптілді**
**білім беру институтының**
**6М020500 – «Филология»мамандығының**
**2-курс магистранты.**
**Г.Е.ЕСІРКЕПОВА,**
**Ф.ғ.к. доцент, ғылыми жетекшісі.**
Алматы қаласы

# ӨМІРШЕҢ ӨЛЕҢ ҚҰДІРЕТІН ТЕМІРҚАЗЫҚ ҚЫЛҒАН – БАҚЫТ БЕДЕЛХАНҰЛЫНЫҢ КЕШЕГІСІ КЕМЕЛДІ, БОЛАШАҒЫ БЕДЕЛДІ

Әр дәуір өз ақынын туғызады десек, Бақыт Беделханұлы 90 жылдардағы қазақ поэзиясындағы өзіндік өлең өрнегімен із қалдырар, қазақтың көрнекті, рухты ақыны. Ол әдебиет есігін алғаш ашқан жылдардан-ақ жыр әлеміне үлкен дайындығын танытқан. Халқымыздың ауыз әдебиетінің бай мұраларынан терең сусындап, шабытына толмас қанат байлай келген ақын. Ұлтымызға ұлағат, ұрпағымызға мұрағат болған сөз зергерлерінің рухына тағзым етіп, өлең-жырдың тылсым құдіретіне бас иген, оның игі дәстүрін терең түйсікпен қабылдап, өрнекті ой өнегесін мейлінше, бойына сіңіре білген.

Халықтың рухани бай әдеби мұрасынан күш қуат алған Б.Беделханұлының қазақ әдебиетіне, қазақ поэзиясына шалқар шабытпен қаламдас достарының ішінен ерекше өз үнімен келгені анық байқалады.

Ақын әлемдегі шындықты, ақиқатты өз жырына қосып, қазіргі заман мен тұрмыс сабақтарын ақындық



түйсігімен сезініп, тереңнен толғанады. Әрбір жырын мүмкіндігінше оқырманының жүрегінен орын алардай дәрежеде жазып, қазақ поэзиясындағы өзіндік қолтаңбасын анық байқатады.

Б.Беделханұлының шығармалары заманның көркем сурет галереясын жасай біледі. Ақын ***“Сөз құдіреті – қазақтың өз құдіреті”,*** – деп сөз киесіне аса мән береді. Ол үшін ***сөз – сегіз қырлы...*** *Оның қасиеті, киесі, құдіреті, сиқыры, дауасы, тылсымы, жұмбағы, дуасы бар.* ***Сөз*** *– жүйесін табады, жүйесін таппаса, иесін табады. Өзіңді өзің жоғалтудың да, жоғалтпаудың да себеп-салдары –* ***сөз.*** Ал, ***сөз-патшасының*** *деңгейінің қандай болатындығын осыдан-ақ аңғаруға болады.*

***Сөз құдіреті дегеніміз*** *– тауып айтылса ақылға қозғау салып, түйсігіңді оятатын, қиялға әсер етіп, сезіміңе серпін беретін күш.*

Б.Беделханұлы қазақ әдебиетінде биігінен қар кетпейтін асқақ Алатау іспетті өз алдына бөлек тұрған ақын.

***Ақынның алғашқы кітабы 1998 жылы “Кең дүние” деген атпен жарық көрді.*** Міне, содан бастап көлемі жұқа болса да, мазмұны терең өлеңдер мен балладалары, поэтикалық драмалары құрастырылып шыға бастады.

Осы тұңғыш өлеңдер жинағында ақын, драматург, мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Оразалин алғысөзінде былай деп жазды:

*Мәңгіліктер...*
*Мәнгі өлмейтін жаныма жаңғырып кел!*
*Шомылдырып сүтіне әппақ таңның,*
*Білегіңді анамдай талдырып көр [1,13 бет],* – деп жастыққа тән жарасымды мінезімен айналасына алабұрта қарайтын жас ақынның аяқ алысы ширақ,

образды ойлау жүйесі де “тайға таңба басқандай” анық, бояулары да қанық.

Ақынның ***“Рух жыры”, “Құдай қойған драма”, “Өтеуіл”, “Шаһарнаме”, “Ақын ажалы...”, “Болған ана”, “Ауғанбай туралы арман жыр”*** т.б. поэмалары мен балладалары бүгінгі күннің бүлкілдеген тамырын басып, кешегінің кең тынысын сездіретін болмысы бөлек туындылар. Ықылым заманнан үзілмей келе жатқан ұрпақ сабақтастығы мен дәстүр сабақтастығының қашанда қатар дамып, қатар жаңғырып отыратындығы заңдылық. Кез келген ұлт әдебиетінің ерекшеліктерін осы үрдіс арқылы ғана анықтай аламыз. Тарихи тамырынан қуат алып, тағдырына айнала білген шығарма ғана өміршең. Ендеше, әдебиет тарихындағы кез келген автордың дәстүр сабақтастығын жаңартып, жаңғыртып отыруы – өзекті мәселе. Алма да ағашынан алыс түспейді. Ақын-қаламгер де өз ұлтының болмыс-бітімінен алшақ кетуі мүмкін емес. Құтыға отырғызған гүлде құт болмайтыны сияқты. Жасанды әдеби шығарманың да қасиеті болмайды. Ал, қасиеті жоқ туынды ұзақ өмір сүрмек емес. Өміршең өлең құдіретін темірқазық қылған автордың кешегісі кемелді, болашағы беделді. Бабалар рухын жаңғырта білген Бақыт Беделханның жырлары – дәстүр сабақтастығымен ғана емес, жаңа заманның жанын серпілтіп, жаңаша көзқарастарды қалыптастыра алатын қазыналы жырлар! Оны баянды етудің жолы елдікке қызмет ету, қазақ рухын көтере жырлау деп ұқты. Осы жолдағы қиындықтарды да көре білді, жасырмай айтты, көргенін, сезінгенін, ойына алғанын ашық суреттей білді. Ақынның атына заты сай әдемі үйлесе кеткен тағы бір еңбегі 2011 жылы ***“Көкемарал” атты жинағы*** жарық көрді.



***“Көкемарал*** *– тамыр қошы аңқыған ирдейін иелі, киік-отындай киелі дәру шөп. Үйірін жауға бермейтін кербез де кесек кер бұғылар жыртқыштардан жазатайым жарақат ала қалса, көкемарал дәруіне аунап-қунап сақаяды. Кералаң замандардың талайын бастан өткеріп, енді-енді ғана еркін тыныстай бастаған Еліміздің де Жан жарасы мен Тән жарасы жетерлік, Менің “Көкемаралым” соған шипа болса екен” ,–* деген Бақыт Беделханұлы өзінің жыр жинағы жайында. Сөз жоқ, ықылас толы ізгі ниет. Қаншама ғасырлар бойы зорлық пен зомбылықтың өзегіне қорғасын құйылған тоқпақтай жуан дойырының астынан, босағасында бұралқы иттей сүмеңдетіп қойған кемсіту мен қорлаудың тепкісінен, жыртқыш, қорқау азулылардың аяусыз талауынан өліп-талып, қансырап зорға құтылған байғұс халқымыздың, несін айтасыз, тағдыры да, жаны да, жұлым-жұлым, жара-жара. Оны емдеу үшін халқым деп қамыға білетін қайсымыз да дәру табуға, шипа іздеуге міндеттіміз.

Кезінде абыз ағамыз Әбіш Кекілбаевтың дуалы аузымен үні де, уілі де ешкімге ұқсамайтындығынан, айрықша тосындығынан “біртүрлі ақын” атанып кеткен Тыныштықбек Әбдікәкімұлы осы жинаққа жазған алғы сөзінде былай тебіреніпті: *“Түпкі Жаратушыны да байырғы бабалар дәстүрімен “Жұпар иіс” (Жұпар Алла) айтатын Бақыттың “Көкемаралының” іші толы өлеңшөптей құлпыра қаулаған. Өлеңсөз! Біреуі оның шашыратқыдай ащы, екіншісі – қызамықтай жасыл, үшіншісі – барқытшөптей бояуға бай, төртіншісі – қызанақтай әтір иісті, бесіншісі – бес саусақтай тәтті, алтыншысы – қарғакөздей бек уытты, жетіншісі – кәдімгі ... гу-гу гүлдеу үстінде! Қалай десек те, соның бәрі, өз уағында, өз кезегінде, қазіргі*

*мына жатбауыр қоғамнан да өгейлікті көп көріп өксіп жүрген өзектерге, автордың өзі тілегендей, өзінше ем болып қонады деп ойлаймын"* деп әдемі тілек айтыпты.

Көкемарал шөбі неге соншалықты дәрулі, неге соншалықты шипалы? Ең алдымен, ол өсіп тұрған топырақ – қасиетті топырақ. Өйткені ол топырақты аралап мына халықтың "сан ғасырлық қаны жүр". Яғни, көкемаралдың бойына да ғасырлар бойы төгілген қанның ыстығы мен қуаты сіңген. Ол қан ыстығы мен қан қуаты дәру мен шипаға айналған. Сонымен бірге, туған жердің топырақ, тас, шөбіне дейін ақынмен тамырлас. Тіпті тағдырлас.

Бақыт Беделханұлы өткенге бүгіннің көзімен ғана қарап қоймайды, өткеннің көзімен бүгінге де қарай алады. Күні кеше ғана алқам-салқам боп ашылып, қора-қопсылары шашылып, есік-терезелері үңірейіп қалған ауылға кімдер қарап тұр дейсіз ғой.

*Күйкі тірлікпен мүжілген аядай ғана*
*Ауылға қара, қорымдар қарап тұр, әне...*

Біз, әдетте, бүгінсіз  өткен де, ертең де жоқ деп жатамыз ғой. Сөйтсек, өткен де бүгін мен ертеңсіз өмір сүре алмайды екен. Өткен де кілең бір өлі төмпешіктерден тұрмайды екен. Ол да тірі әлем екен. Ол да бізге, бүгін мен ертеңге алаң екен.

Бүгін түгілі, өткеннің бізге алаң көңілін аңғара білген сергек ақын бұл жалған дүниенің түп-тамырын кеміріп, ішінен үңгіп, етін езіп, сүйегін үгіп бара жатқан не бір әлеуметтік зардаптарды көріп қапаланып, налып сөйлейді. Не нәрсеге де әрірек, тереңірек қарауға шақырады. Әрине, ұран тастамайды. Атамзаманнан бері келе жатқан әрі қадірлі, әрі кәделі сөздің байыбына баруға, байламын аңғаруға, түпкі түйінін ұстауға шақырады. Ондай кезде автор үшін тақырып болуға



халықтың "қарға тамырлы қазақпыз" деген дана тіркесі жетіп жатыр.

*Қарғаның жарық дүниесі-ай,*
*Айналасы түгел аппақ қар.*
*Алақұстың айтқан әңгімесі-ай,*
*Тақылдап тұрған тақпақтар.*

*Тақпақты қойшы, қарғаны айтам да,*
*Қарға тамырлы қазақ-ау!*
*Әлде бір құстай зарламай таңға*
*«Қарқ» еткен үні ғажап-ау, –*

деп сүйсінеді. Құдай-ау, әдетте, біз үшін қарғадан өткен сұмпайы, қарғадан өткен жексұрын құс бар ма еді?! Бұл ұғым – заңдылыққа айналған ұғым еді ғой. Қазақтың қарға тамырына құрт түсе бастағанда ол ұғымымыздың да тас-талқаны шығады. Біреуі олай, біреуі былай қарап бара жатқан қалың қазақ баласы тамырына қайта бір қайырылып қарағанын қалайды.

*Жалына тақтың жармасып өлген,*
*Көкесі,*
*қарғаны жазғыра көрмеші!*
*Қарға тамырлы қазақпыз ғой*
*Үмітімді үшке бөлмеші.*

Тас керең боп қалғыр құлағымыз талай-талай есітіп, ағып түскір көзіміз талай-талай көріп жүргендей қазір көп-көп азаматтарымыздың бойын кесапатты кеселге, ойын жазылмас дертке шалдықтырып бара жатқан рушылдық пен жүзшілдікті Бақыт Беделханұлы да аз көрмегендей. Соларға ол "үмітімді үшке бөлмеші" деп ызалана жалбарынады.

Жалпы, Бақыт  Беделханұлы – тынық ауаны ысқыртып тіліп түсетін өлең жолдарының жылан бауыр бишігін сілтей алатын ызалы ақын. Көп ақын

күйініп сөйлесе болды күйреп шыға келеді ғой, ал Бақыт Беделхан олай емес, күйініп сөйлесе-ақ қақпанға түскен қасқырдай өз аяғын өзі шайнап, ызаға толып, өршеленіп, аласұрып кетеді екен.

*Арман жолынан тайқып кетті.*
*Жалған жанымнан тартып кетті.*
*Қалған көңілім қамығып,*
*Ардан кебінін жамылып*
*Аппақ әлемге қайтып кетті.*

*Уақыт санамды қырқып кетті*
*Бақыт жағамды жыртып кетті.*
*Кімнен көрерін білмей,*
*Кімге сенерін білмей*
*Үміттерім үркіп кетті.*
*Адам да, қоғам да*
*бәрі әдемі ғой деп*
*Анау көкем*
*Неменені қыртып кетті?!*

Мен осы жолдардан, дәл қазір, әбден ызаға бұлыққан жанның, бірақ басқа қылар амалы қалмай отыз екі тісін шақұр-шұқыр еткізіп қайрағанын естіп тұрғандаймын. Мен бұл жерде болмашы нәрсе үшін өн бойынан боран тұрғызып, түкке тұрмайтын нәрсе үшін тұландай түтігіп шыға келетін бейшара пендешілік ашу мен ызаны айтып отырғам жоқ, халқының қамын ойлап булығатын азаматтық ашу мен ызаны айтып отырмын. Сондай адам ғана "тірімде – сірімін, өлгенде – тірімін" дей алса керек.

Тағы да Беделханұлының ызасы – мұңды ыза. Мұңды ыза! Былайша тіршілікте бір-бірімен қабысып-табыспақ түгілі, мүлде жанаспайтын керағар ұғымдар ғой. Ақынның ақындығы сонда, кейде ол керағар



ұғымдарды да қабыстырып, табыстырып жібере алады. Сондықтан да оған «мұңдымын, кейде, жындылығыммен құндымын» деген сөздерді де сол табиғи болмысы айтқызып тұр. Бақыт Беделханның "Түсімде" деген өлеңі ерекше! Бақыт ағамыздың жалғыз осы өлеңі үшін-ақ ақын деп ардақтауға болады.

Сонда ол былай дейді:

*Түсімде,*
*Санамның әмірі жүрмейтін әлем ішінде,*
*Зар-мұңымды айтып, зау Көкке самғап кетіппін!..*
*Тәңірім, жерге түсірме! [2,157 бет].*

Қорыта келгенде, дәстүр мен жаңашылдық – өте егіз ұғымдар, олардың ара-жігін дәл басып ажырата білу қиын, өзара шектес құбылыстар. Б.Беделханнның да жаңашылдығы дәстүрді ізгі үйрене білумен, оны игере білу деп түсінеміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Жас ақындар жырының анталогиясы». Алматы: Өлке, 2000 ж.
2. Беделханұлы Бақыт. «Жалғыздықтың жанары». – Астана: Елорда, 2012. – 224 б.
3. Бақыт Беделханұлы «Уақыттың жүрегі».- Алматы Қазығұрт 2011ж.
4. Бақыт Беделханұлы «Ауадағы жазу».- Астана – 2018ж.

**Т. Б. АБРАРОВА,**
**Инновациялық Еуразия**
**университетінің Екібастұз колледжі.**
Екібастұз қаласы

# ӘЙЕЛ-ПЕДАГОГ

*(эссе)*

Ең алдымен, түпкі ойға көшпес бұрын, бұл екі ұғымды екі жаққа бөліп, жеке-жеке сөз етсек...

Әйел деген кім?... Әйел-адал жар, отбасының берекесі. Әйел – әдепті, сыйлы келін, сүйікті жеңге. Әйел – ардақты ана, ұрпақ тәрбиешісі. Әр үйдің ырысын молайтатын да, ер азаматтың даңқын зор-айтатын да – әйел. Қазақтың ардақты әйелдері-ай! Қазақ қашанда қыз-келіншектерді құрмет тұтып, алақанының аясына салып, ардақтап келген. *«Бір қолымен бесік тербеткен аналар, бір қолымен әлемді тербетеді»* деседі дана халық. Қазақ әйелдері ошақ қасындағы тіршіліктен бір уақыт бой түзеп, ел бірлігі мен болашағы үшін маңызды істерге атсалысқан. Оған тарих куә. Анау сақ дәуірінде батылдық дәурен құрған уақыттары сақ әйелдері атқа мініп, ерлермен қатар елін жаудан қорғаған. Бұған – Тұмар ханымның Кир патшамен соғысындағы жеңісі дәлел. Қазақ халқының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді тілін, ділін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы әйел ана деп санаған.

*«Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық»* деген мысалдардан халқымыздың әйелді үйдің құты, дәулеттің, байлықтың басы деп ерекше қадірлейтінін аңғаруға болады. Ал әйел-ананың бала тәрбиесіндегі әлеуметтік рөлін бағалау, анаға құрмет көрсету, мәртебесін көтеру – халқымызға ежелден сіңісті қасиет. Отбасының алтын діңгегі, берік тұғыры әке мен шеше десек те, ұрпақ тәрбиесінде ананың алатын орны ерекше. Ананың тілі , ананың махаббаты, ананың тілегі балаға құндақта жатқан күнінен бастап – ақ бесік жырымен дариды. «Әйел тілі – бірінші кезекте – ана тілінің негізі». Ата-анадан балаға мұра болып келе жатқан тіл, салт-дәстүр, мәдениет, әлеуметтік, экономикалық, діни факторлардың бәрі әйел тілінің (ана тілі) қызметі арқылы күні бүгінге дейін жалғасын табуда.

... Бүгінде әйел адамдар әлеуметтік және саяси қоғам өміріне белсенді араласуда. Қазіргі уақытта әйел адамдар өзінің қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алатын жұмыс іздейді. Ал бұл өз кезегінде әйелдердің ер адамдармен теңесуін көрсетеді. Қазіргі заманғы әйел белсенді жұмыс істеп, бала-шағаны тәрбиелеумен ғана шектеліп қалмай, әлеуметтік қоғам өміріне араласуына да толық мүмкіндік алып отыр. Бүгінгі күні жоғарғы қызметтерден әйел адамды көру таңқаларлық дүние емес. Осының барлығы оған отбасына қажетті қамқорлық көрсетуіне еш бөгет етпейді.

Қазақ қоғамында әйел адамдардың педагогикалық біліктілігі жеткілікті дәрежеде болған. Оған мысал, ***Нәзипа Құлжанова*** *– қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі ретінде танымал болып, сонымен бірге есімі педагог, ғалым, аудармашы ретінде де қазақ халқының тарихында мәңгілікке қалды.*

Адам баласының өзінің ұзақ тарихында жасаған рухани, мәдени қазынасы, қымбатқа түскен тәжірибесі, соның ішінде көрегенділік деп аталатын адамгершілік, тәлімгерлік тағылымдары ұрпақтан-ұрпаққа ұстаздық-шәкірттік үрдісі арқылы беріліп, жалғасын табады. Ұстаздық пен шәкірттік – адам

баласы арақатынастарының ең бір абзал әрі мағыналы, мәнді түрі. Ұстаз – ұғымы кең. Оның ең негізгі мәні – жақсылыққа тәрбиелеу, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізуге үйрету дегенді білдіреді. Адамзаттың тұтастай тіршілігінің барысында «педагог» мамандығы ең қажеттісі, беделдісі және жауаптысы болып табылады. Жас ұрпақ дүниетанымының, адамгершіліктің қалыптасуы, баланың рухани әлемінің дамуы, демек – елдің болашағы педагогқа байланысты болады.

Ұстаз – жас ұрпақты , жалпы адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін оқытушы. Қазіргі қоғамда оқу-тәрбие жұмысын жүргізуші маман педагог – ұстаз деп аталады. Педагог-зиялы тұлға және мәдениет адамы. Қазіргі заман талабына сай мұғалім болу – ең жауапты, ең күрделі мамандық. Себебі, ол адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған зор жауапкершілікті қажет ететін мамандық.

Жақсы педагог болу үшін адам бойында көп қасиеттердің басы бірігуі қажет. Білімді болу аз, жүректің кеңдігі, мейірімділік керек. Ұстазбен мақтанасың. Ұстаз жаныңды , жүрегіңді баурайды. Жол нұсқайды, кеңесін аямайды. Қамқор болады, қасыңнан табылады. Міндет етпейді, қайтарым сұрамайды. Әр шәкірт өзінің жеткен жетістігі үшін ұстаздарға қарыздар. Қарызын қайтара алғанға не жетсін!

Ұстаз! Осы бір жұмсақ айтылып, жылы естілетін қарапайым сөздің астарында мағынасы терең қасиетті ұғым жатыр. Шынайы ұстаз – білімнің кәусарына қандырған оқытушы, ақыл-ойыңды байытқан ғұлама, азаматтық тұлғаңды қалыптастырған тәлімгер. Ұстаз шәкірт жанының шамшырағы іспетті. Өйткені, жеткен биігің, мерей-мәртебең ұстаз ұлағатымен тығыз



байланысты. Өмірде «өз уақытын аямаған, өзгенің жанын аялаған» ұстаз өте сирек кездеседі.

Жалпы ұстаз атты ұлы ұғымға сай болу үшін, осы жолды мұрат тұтқан жанның бойында бірін-бірі толықтырар үш қасиет тоғысуы шарт. Меніңше, оның ***біріншісі*** *– телегей теңіз терең білім,* ***екіншісі*** *– өмірімен өзектес деп біліп, таңдаған мамандығын, жетік меңгерген біліктілік,* ***үшіншісі*** *– өз ортасына сыйлы бола білген кісілік келбет.* Міне, осы үш қасиет ұстаз тұлғасында тоғысып, әр қайсысы көзге ұрып, әрі бір-бірімен кіріге жымдасып кеткенде ғана нағыз ұстаз жаратылысы ерекшелене түседі.

Адамзаттың дыбыс тілін түсінгелі бергі талап – талпынысы – сауат ашу, білім алу. Даусыз нәрсе! Дауалаған жүректің дамылдағанша даңғыл жол іздейтіні және бар, ол – ұстаздық жол! Жолы даңғыл болғанымен, бұралаң-бұлтарыссыз да емес. Алайда, Алла алдында да, адам алдында да дидарын ақ жапқанша сауапты іс жасатар сара жол. Ұстаздың еңбегі кішкентай шыбықты күтіп-баптаған бағбанның еңбегіндей өз нәтижесін араға жылдар салып, асықпай беретіні белгілі. Ол нәтиже соншалық баянды , соншалық игі болатындығы да рас.

Өмірде әркім өз қабілет-ерекшелігіне қарай дараланады ғой. Біреулер Құдайдың берген ақыл-парасатына үлкен жүректілік, білім, ғылымы қосылып, қол жетпес асқар таудай көрінеді. Ал біреулерде білім бар да , жылылық аз, көлеңкесіз келеді. ***Білімді ақылмен, адамгершілікпен ұштастыру – қиындығы мол дүние ғой.*** «Дүниедегі ең қиын ғылым – адамды түсіну, ұғыну, жақсы көру» деп ұлылар қалай дәл тауып айтқан.

Ер-педагог. Ол қандай, және қандай болу керек?

дейтін сұрақтарға мүмкін көбі «педагог-ер адамның мамандығы емес» деп жауап берер. Дегенмен, мен онымен келіспеймін. Керісінше, ер мұғалімдердің тәрбиесі ұл балалар үшін ғана емес, қыздар үшін де керек. Себебі, қыз балалар оқу орынындағы ер азаматтарды үлгі тұтады. Дос, болашақ жар таңдағанда да қателеспеуі үшін де оқу орынындағы ер мұғалімге ұқсайтын азаматты іздейді. Ер мұғалімдердің көбірек болуының тағы бір пайдасы, қыздарымыз ибалы, инабатты, қылықты болып өседі. Ал ер балалар ер азаматтарға қарап бой түзейді. Солардай болуға талпынады. Киім киюді, өзін ұстауды, сөйлеу мәдениетін үйренеді. Ер мінезді, өр мінезді, намысшыл болып тәрбиеленеді. Қазір елдегі білім ошақтарына бара қалсаңыз, қатардағы мұғалімнен бастап, басшысына дейін әйелдерге кезігетініңіз кәміл. Жалпы, қоғамда «мұғалім – әйелдердің мамандығы» деген пікір қалыптасқалы қашан?..

Жалпы, тұңғыш қазақ қоғамында педагогика ғылымының негізін салған – Ыбырай Алтынсарин. IX ғасырдың 60 жылдарында өмір кешкен қазақ халқының адал перзенті, ұлттың мақтанышы, қазақ педагогика ғылымының негізін салушы, сөз зергері, аудармашы, қоғам және мәдениет қайраткері. Ыбырай Алтынсарин – халықшыл, өмір шындығын таныта білген қаламгер.

Мектеп ісінде Алтынсарин бірінші кезеңге мұғалімді қойды. Ол жөнінде өзі былай дейді: *«Халық мектебі үшін басты тұлға – мұғалім, ең тамаша деген педагогикалық басшылық, ең жомарт деген мемлекеттік жарлықта, тыңғылықты педагогикалық бақылау да онымен теңесе алмайды». Білім беру ісі жаңа жанданып келе жатқан қазақ даласы үшін оның пікірінше, мұғалімнің маңызы ерекше жоғары, сондықтан да ол «жақсы мұғалімді дүниедегінің*



*барлығынан жоғары бағалаймын»* деген еді.

***Әйел-педагог – зиялы тұлға.*** Өзін жинақы, сүйкімді ұстайды. Сыни көзқарасы қалыптасқан, ұстамды, өзгелердің пікіріне сыйластықпен қарайды.

***Әйел-педагог – рухани бай тұлға.*** Оның рухани байлығы – балаға деген махаббатынан жоғары адамгершілік және ұят сезімінен көрінеді. Ол жаңа өсіп келе жатқан баланың рухани әлемінің байлығын түсінуге тырысады.

***Әйел-педагог – шығармашыл тұлға.*** Ол бір сарындылықты ұнатпайды, сондықтан үздіксіз ізденіс үстінде, жаңашыл. Ойлап шығару, жүзеге асыру – оның қалыпты кәсіби үлгісі.

***Әйел-педагог – адамгершілігі мол, мейірімді тұлға.*** Бүкіл тіршілік атаулыға, әсіресе балаға үлкен сүйіспеншілікпен қарайды.

***Әйел-педагог – мәдениет адамы.*** Ол белгілі бір мәдени кеңістік пен әлеуметтік-мәдени ситуацияларды ескере отырып, жаңа ғылым, өнер жетістіктерін бойына сіңіреді. Көркем және кәсіби әдебиеттерге қызығушылық танытады, өнердің алуан түріне мән береді, ең бастысы өзінің шәкірттерін қызықтыра біледі.

***Әйел-педагог – тәрбиеші.*** Әйел-педагог – қандай бір бағытты қаламасын, қандай міндеттерді шешпесін, негізгі қызметі – тәрбиешілік. Яғни жас ұрпақ санасына білім нәрін дарытып, тәрбиемен сусындатар.

Бір қолымен бесік тербеп, бір қолымен әлемді тербеген нәзік жандылардың қоғамнан алатын орны әрқашанда биіктерде бола бермек!

**Н. АЙЫМБЕТ,**
**Жүзімдік жалпы орта мектебі МКМ.**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Түркістан облысы,
Бәйдібек ауданы

# СІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫҢЫЗ БОЙЫНША – ЛАТЫНШАҒА КӨШУДІҢ ТЕРЕҢ ЛОГИКАСЫ...

Қазақ жазуын латын әліпбиі негізіне ауыстыру – әбден пісіп жетілген қазақ тілінің дамуына қажетті мәселе. Әліпбиді ауыстыру – мүлде қаражат шықпайтын шаруа емес. Бірақ, шығынды тым асыра бағалау – бекер сөз. Әліпби ауысқанда бұрынғы кітаптарды өртеп жіберу керек деп ешкім айтпайды. Әліпбиді ауыстырудың ең маңызды, ең салмақты нәтижелері – жаңа әліпби қазақ жазуының кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді деп ойлаймын, тілдің дамуына, қолданысын кеңейтуге күшті әсер етеді, қазақ тіліне айрықша маңыз беріп, қайтадан жаппай оқуға себеп болады.

Латын әріптері негізінде қазақ әліпбиін құрудың бірнеше жолы бар. Енді сол жолдардың қайсысы дұрыс екендігін талқылау керек. Бұлардың арасында көпшілікке ең белгілісі – 34 әріптен құралған ортақ түрік әліпбиінің жобасы ұсынғаны бәрімізге мәлім. Ол жоба Анадолы түрікшесінің әліпбиіне басқа түркі тілдеріне керек болады деген таңбаларды қосу жолымен жасалған. Ортақ әліпбидің бізге өте ыңғайсыз көрінетін тұсы – онда латын әріптеріне қосымша кириллицадан, түрікшеден алынып, қосымша белгі салып жасалған таңбалардың болуында. Жобаға байланысты кейбір түсіндірмелерді келтіруге болады.

**1.** Әр дыбыс жеке әріппен таңбалануы керек деген қатып қалған қағида жоқ, керісінше – қатар жазылған екі әріппен бір дыбысты белгілеу көп елдің жазуларында бар екен.

**2.** Қазақша оқымай жүрген қазақты ортақ әліпби арқылы өзбекше, түрікменше, ұйғырша оқытамыз деген – бос қиял, сондықтан бізге ортақ әліпбиден пайда жоқ делінеді.

**3.** Қазақ әліпбиі – қазақ тіліне, қазақ жазуына ыңғайлы болуы керек, ең ыңғайлы жазу – таза латын әліпбиін қолдану бұл ең бастысы.

**4.**Қазақ әліпбиін ұтымды, озық түрде жасасақ, бұл біздің латын әріптеріне көшуде кешегі керегіміздің есесін қайтаратын, еңсемізді көтеретін, жазуларын әлі ауыстырмаған туысқандарға үлгі болуға жарайтын тамаша іс болар еді. Қазір латынның бірнеше жобасы ұсынылып жүр. Біразында ә, ө, ү дыбыстарының таңбаларын а’, о’, u’ түрінде алу ұсынылып жүр. Мысалға C, Pascal, Delphy тілінде “A” – мәні А-ға тең тізбектік айнымалы болса, ’A’ – ның мәні 65-ке тең сан болады. Демек, бұл таңбаны қабылдасақ, қазақ тілі программалауға болмайтын тілге айналады. Бұны ескерген жөн. Керісінше, оның орнына е әрпін алсақ, е немесе ы әріптері бар кез келген буын жіңішке буын болып шығады деген қағиданы бекітсек, қазақ тілін адамға да, компьютерге де үйрету әлдеқайда жеңілдер еді. ’ таңбасы тыныс белгісі емес әріп екенін компьютерге ұқтыру қиын. Компьютерде сөзге жіктегенде, бұл

таңба еш уақытта сөзге қосылмайды.

Қорыта келе, мұнда дүние жүзінде латынша баспа әріптері үлгілерінің мыңнан аса түрі барлығын және олардың бірден біздің игілігімізге жұмыс істей бастайтынын баса айтқанымыз жөн. Бүгінгі күні бұл мәселе төңірегіндегі жетістігіміз ең дамыған деген баспаларда бар жоғы 20-ға жуық әріп үлгілері болғандығында. Ал қазіргі қазақ жазуының ерекше әріптерін белгілеуді бір жүйеге келтірмегендіктен туындап жатқан мәселелер қаншама! Компьютерді қолданғанда таза латын әліпбиінің ыңғайлы болуы тек қана мәтінді теріп, баспаға дайындауға беретін жеңілдігінде ғана емес, сонымен қатар, таза латын әріптерін қолдануға негізделген программалау тілдерін толық пайдалануға мүмкіндік беруінде.



***<u>Оқулыққа қосымша</u>***



**А. С. АХМЕТБЕКОВА,**
***Жалпы білім беретін***
**№16 лингвистикалық**
**бағыттағы орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиет**
**пәнінің мұғалімі.**
Қарағанды облысы,
Балқаш қаласы

# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА М.ӘУЕЗОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН НАСИХАТТАУ

Қазақ халқының мәдени даму тарихында жазушы, драматург, публицист, зерттеуші, аудармашы әрі қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің алатын орны ерекше екені белгілі. М.Әуезов – ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазақ әдебиетінің сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сіңірген ұлы жазушы.

М.Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйек күні қазіргі Семей облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау деген жерде дүниеге келді. Мұхтардың атасы Әуез ескіше сауаты бар, араб, парсы, орта азиялық түркі әдебиетімен таныс болған. Мұхтар бала кезінде атасының үйретуімен арабша хат таниды. Мұхтардың әкесі Омархан да, атасы Әуез де Абай

ауылымен іргелес отыратын, құдандалы, дос-жар адамдар. Абай ауылымен аралас – құраластық, ұлы ақынның шәкірттерімен және балаларымен бір ортада өсу жас Мұхтардың рухани жетілуіне игі әсер еткен. Хат танығаннан кейін Мұхтар атасының ықпалымен ауыз әдебиетінің үлгілерін, Абай өлеңдерін, жазып алып, жаттап үйренеді. Классикалық түркі әдебиетінің жекелеген нұсқаларымен таныстығы да осы кезеңде басталған. Бұл жағдай алғыр ойлы, зерек баланың сөз өнеріне деген құмарлығын оятады.

1908 жылы Мұхтарды немере ағасы Қасымбек Семейге алып келіп, орыс мектебіне түсіреді, осыдан кейін ол бес жыл қалалық училищеде, төрт жыл мұғалімдік семинарияда оқып, білім көтереді. Осы тұста М.Әуезов орыс әдебиетінің шығармаларымен кеңінен танысады, өзі де қаламгерлік қадамын бастайды. Оның тұңғыш күрделі шығармасы – "Еңлік-Кебек" драмасы 1917 жылы, семинарияда оқып жүрген кезінде жазылды.

1919 жылы мұғалімдік семинарияны бітіріп, Семей губерниялық атқару комитетінде ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Алғашқы көркем әңгімесі – "Қорғансыздың күні" 1921 жылы жарияланды. М.Әуезов 1922 жылы Орынборда – Қазақ Орталық атқару Комитетінде жауапты қызметте болады. Бұдан соң Ташкентке келіп, қызметке орналасады, әрі Орта Азия мемлекеттік университетінде оқиды. Мұхтардың бірталай әңгімелері "Кешкі дөң басында", "Түнгі ауыл", "Қыстың күнгі дала", "Қысқы түн", "Сыбанның моласында", "Текшенің бауырында", "Сөніп жану" 1922-23 жылдарда "Сана", «Шолпан" журналдарында басылған.

"Адамшылық негізі – әйел" (1917), "Мәдениетке қай кәсіп жуық", "Оқу әдісі", "Ғылыми тілі" (1918) секілді мақалаларында ол оқу-ағартудың, мәдениеттің маңызды мәселелерін көтереді. Мұхтардың 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінде қырғыз эпосы "Манас" туралы жасаған баяндамасы ғылыми қауымның назарын аударды.



1923 жылы М.Әуезов Ленинград университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Еліміздегі ең атақты жоғары оқу орындарының бірінде сабақ алу, аса көрнекті ғалымдардың лекциясын тыңдау оның білім өрісін ерекше өсіреді. Семей губерниялық атқару комитетінің шақыруымен Мұхтар 1924 жылы еліне оралып, қазақ педагогикалық техникумында сабақ береді. Ол осы жылы Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне толық мүше болып, көп ұзамай бөлімше председателінің орынбасарлығына сайланды. 1924 жылдың қысында М.Әуезовтің басқарумен Семейде Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына арналған ғылыми жиналыс өткізіледі. Оның көркем прозадағы бір топ туындысы "Жетім", "Барымта", "Ескілік көлеңкесінде", "Жуандық" сол кезең жемісі еді.

Драматургия, аударма, сын-зерттеу еңбектері де қатарласа туып жатады. Бұған 1923 жылы жазылған «Бәйбіше-тоқал" драмасы мен "Қобыланды батыр", "Қазақ әдебиетінің тарихы" атты зерттеулері, "Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер» деген аудармасы мысал бола алады.

1925 жылы М.Әуезов Ленинград университетіне қайта келіп, үзілген оқуын жалғайды, оны 1928 жылы бітіріп шығады. Ленинградта оқыған кезінде М.Әуезов білімін жан-жақты кеңейтіп, тереңдетумен бірге жазушылық жұмыстарын да қатар жүргізді. Оның шығармаларында ескі қазақ ауылындағы таптық қайшылықтар мен күрестер сырын көрсету өткірлене түседі. "Қарагөз" трагедиясында М.Әуезов бұрынғы қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті, таптық қайшылықтарды тамаша суреттеді. "Қараш-қараш" оқиғасы (1927), "Қилы заман" (1928) повестерінде ел өміріндегі күрделі мәселелерді көтерді.

1928 жылы Ленинград университетін бітірген М.Әуезов Ташкентке келіп, орман техникумында әдебиеттен сабақ береді. 1929 жылы Орта Азия мемлекеттік университеті туркология кафедрасына аспирантураға түсіп, онда 1930 жылдың қазан айына дейін болады.

Отызыншы жылдар – М.Әуезовтің түрлі жанрда өндіре еңбек еткен тұсы. Бұл кезде ол ғылыми-зерттеушілік жұмысын оқытушылықпен берік ұштастырды, орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап оқулықтар жазуға, хрестоматиялар құрастыруға қатысты.

Ауыз әдебиетін зерттеуді Мұхтар Әуезов шығармашылық мақсатта да жүргізген. 1934 жылы жазылған "Айман-Шолпан", одан біраз кейінірек туған "Қарақыпшақ Қобланды", "Бекет" пьессалары – осындай ізденістердің нәтижесі. Абайдың әдеби мұрасы ұзақ зерттеуден кейін "Абай" пьесасын жазуға әкелді. Мұның өзі жазушының әрқашан ғылыми және көркем шығарманы қатар алып жүргенін, мұның өзі күрделі шығарма жасаудың белгілі бір шартына айналғанын көрсетеді.

М.Әуезовтің отызыншы жылдардағы шығармашылығынан қазіргі заман тақырыбына жазылған "Білекке білек", "Үш күн" (1934) шығармалары елеулі орын алады.

Замана шындығын драмалық шығармаларда көрсетуге белсене кірісті. "Октябрь үшін" (1933), "Тартыс" (1934) "Түнгі сарын» пьессаларын жазды.

М.Әуезовтің ең жақсы аудармалары да соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде жасалды. Ол аударған Шекспирдің "Отеллосы", Гогольдің "Ревизоры", Погодиннің "Ақсүйектері", Треневтің "Любовь Яроваясы" қазақ көркемдік мәдениетінің төл туындысындай жатық шықты.

40-50 жылдар – жазушының таланты кемелденіп, ең үздік шығармаларын берген кезі. М.Әуезовтің бұл мезгілдегі



басты табысы – төрт кітаптан тұратын "Абай жолы" (1942-1956) роман – эпопеясы. Сонымен қатар суреткер қаламынан осы кезде көптеген очерктер, әңгімелер, повестер туды ("Асыл нәсілдер», "Түркістан солай туған" т.б.).

М.Әуезов 1932-1934 жылдарда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында, 1934 жылдан өмірінің ақырына дейін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ әдебиетінен дәріс оқыды. 1951-1953 жылдарда М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті СССР халықтары әдебиеті кафедрасының профессоры болды.

Ғалым көптеген сын, зерттеу мақалалар жазды. Олардың бір шоғыры қазақ фольклорына арналса, екінші тобы әдебиет тарихының мәселелеріне, әсіресе, Абайтану мәселесіне бағытталды. Қазақ әдебиетінің даму барысын, оның жанрларын талдаған, жеке қаламгерлер шығармашылығы туралы пікір білдірген мақалалары, зерттеулері "Әр жылдар ойлары» (1959), "Уақыт және әдебиет" деген көлемді кітаптарда топталған.

Жазушыға "Абай" жолы үшін СССР мемлекеттік сыйлығы, ал төрт кітаптан тұратын "Абай жолы" роман – эпопеясы үшін Лениндік сыйлық берілді. Төрт томдық романның әр кітабының құрылымы мен стилінің бірін-бірі қайталамауының өзі де жаңалық еді. Жазушы әрбір роман құрылысын негізгі кейіпкерлерінің жан дүниесін, рухани өсуін көрсету үшін өзгертіп алып отырады. Бірінші кітап жас Абай қызықтаған жастық романтикасына негізделіп, оның ел тіршілігімен танысып ашылуын бейнелесе, екінші кітап ақындыққа, ойшылдыққа бетбұрысты танытады. Мұнда жастық романтикасының орнын, адамдар арасындағы тартыс алады. Үшінші кітап Абайдың өз ортасынан бөлініп шығып, туған халқы мен табысуын, халыққа бетбұрысын танытса, төртінші кітапта Абай жолының кеңейіп қалаға,

далаға тарауын, оның үлкен қоғамдық күшке айналуын көрсетеді.

Роман тікелей Абай өміріне байланысты болып қала берді XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейінгі жарты ғасырлық қазақтың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси өмірі, рухани мәдениеті, діни наным-сенімдері, әрқилы әдет-ғұрыптары, салт-саналары жан-жақты суреттеледі.

Жазушы "Абай жолы" роман – эпопеясы арқылы Абай өмір сүрген дәуірінің сипатын, халық тағдырын, оның күресі мен ілгері ұмтылысын зор көркемдікпен ашты. Сол кездегі қазақ өмірінің шындығына жазушы дана ақынның көзімен, ой-санасымен және қырағы болжампаздығымен қарады.

Ұлы жазушы замана талабын дұрыс түсінген үлкен ойшыл жазушы. Оның әр жылдарда, әр түрлі жағдайларға байланысты сөйлеген сөздері, жазылған көркем шығармалары мен зерттеулері терең ойларға толы. Олар бір мақала емес, сандаған монографиялық еңбектерге арқау болар дүниелер.

М.Әуезов әлемі тек әдебиеттану тарихында ғана аталып қоймауы керек, қазақ ұлтының заңғар жазушысының есімі бүкіл қазақ халқының ғұмырымен тағдырлас. Қазақ ұлтының тіл байлығын, оның ойлау ғылымилығын дәлелдеген суретші туралы ғасырдан – ғасырға жалғасын тауып, айтыла беретін, зерттеле беретін, ұлт алдында үлгі болатын алып тұлға.





**Н. Т. ҚАЛИХАНОВА,**
**Қаракемер кәсіптік колледжі.**
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы

# МЕНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫМ

Бала бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға – ұстаз. Адам жанын нұрландырар ұғымының ұлысы – ұстаз.

Тұңғыш елбасымыз Н.Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай, *"Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар – біздің ұлтымыздың болашақ айнасы"* – дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес биік тұлға.

Ұстаздық – ұлы қасиет. Ұстаз – білім нәрімен сусындаған жан. Абай атамыз: *"Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан"* деп айтқандай, әр оқушыға білім беріп, оған өмірлік бағыт сілтеп өмірге «кірпіш» болып қалануына зор үлес қосушы – мұғалім. Білімді, тәртіпті, тәрбиелі, инабатты, жаны таза рухы биік, отаншыл адамды, тұлғаны қалыптастырып, баптайтын адамның өзі де қандай болуы керек, ол кім? Әрине, ол "ұлы" деген сөзбен тіркесіп келетін ұстаз, мұғалім. Тұңғыш елбасымыз Назарбаев Н.Ә *"Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында"*– деп атап көрсеткендей, ұрпақ тағдыры үшін жауап беру – ұстаз атаулыға үлкен салмақ тастап отыр.

Сондықтан біздер, ұстаздар, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ұмытпауымыз керек.

Мамандықтың бәрі жақсы десек те, ұстаз орны ерекше. Әрине, бәрі емес, бала жанымен біте қайнасқандары ғана. Ұстаздықты бар ұлағаттың басы деп білетіндердің ғана орны – білім ордасы.

Елімізде түбегейлі өзгерістер орын алып отырғанда, ана тіліміз бен төл әдебиетімізді одан әрі дамыту – қасиетті парыз. Осындай істі абыроймен атқаруға үлесімді қосу мақсатында қазақ тілі мен әдебиет пәнін таңдадым.

Қазақ тілі – қашанда құдіретті, қасиетті тіл. Қазақ тілі қазақтың ұлы ақыны Абайдың, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтардың, дауылпаз жырдың Құлагері Ілиястың, сұлу сөздің иесі Сәкен мен Мағжанның тілі.

Тіл – ғасырдан ғасырға, заманнан заманға жеткізетін халықтың асыл мұрасы, сарқылмас байлығы десек, әдебиет – көркем шежіресі, тарихы. Х.Досмұхамедұлы айтқандай, "***Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт».*** Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді, мектеп пен баспада қолдаудан қалған тіл – бақытсыз тіл. Ол ел – сорлы ел, тәуелсіздігі тілдің тәуелсіздігімен тікелей байланысты және тіліміздің тағдыры – өзіміздің тағдырымыз. Сондықтан да ана тіліміз бен туған әдебиетіміздің мерейі үшін қызмет етіп, тілімізді өзіне лайықты шыңына қондыруға үлесімізді қоссақ игі. Бұл туған Отан, халық алдындағы, мемлекет алдындағы азаматтық, әрі перзенттік парызымыз деп білемін.



Қазақ тілі мен әдебиет – баланың жүрегіне бойлай еніп, оның рухани өрісін болжай алатын пән. Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудағы мақсатым – бала қиялын қияға өрлетер ғажайып ертегілер, шыншыл да сыншыл аңыз-әңгімелер, ерлікті дәріптеген батырлар жыры, шынайы махаббатты мұрат еткен әсерлі ғашықтық жырлар, өткір де өміршең шешендік сөздер арқылы халқымыздың рухани құндылықтарын бойына сіңірген, ертеңгі еліміздің тізгінін ұстайтын жас жеткіншекті тәрбиелеу. Әрине, шәкірттерім әдеби шығармаларды оқу арқылы халқының арманы мен қиялын, өткені мен бүгінгі өмірін таниды. Сүйікті кейіпкерлердің арасындағы достығы мен сүйіспеншілінен, патриоттығы мен еңбекқорлылығынан, адалдығы мен адамгершілік қасиеттерінен үлгі алып, жақсысына жаны сүйсініп, жаманынан жиреніп, өзінше ой түйіп, жан-жақты іздене біледі.

Дауылпаз ақын М.Дулатов *"Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда... Надан жұрттың күні-қараң, келешегі-тұман"* – деген екен. Ендеше, егемен елдің ертеңіне үлес қосатын тәуелсіз мемлекеттің саналы ұрпағы саналатын шәкірттерімнің ізгі сарайын біліммен сәулелендіріп, білімнің биігінен көру – мен үшін үлкен бақыт!

**К.Т. САЙДУЛЛАЕВА,**
**«Ақтанберді атындағы**
**орта мектеп-бақша» КММ**
ШҚО,
Үржар ауданы,
Таскескен ауылы

# С.ТОРАЙҒЫРОВ “ШӘКІРТ ОЙЫ”

| | |
|---|---|
| **Осы сабақтың мақсаттары** | **6.3.2.1.** Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру.<br>**6.1.4.1.** Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқиды.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** өлеңді жатқа айтады, көріктеу құралдарына талдау жасай алады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға береді. |
| **Бағалау критерийлері:** | – Өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>– Орта көлемді үзінділерді жатқа айтады;<br>– Лирикалық қаһарманның жаңашылдығына баға береді;<br>– Көріктеу құралдарына талдау жасайды. |
| **Тілдік мақсаттар:** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Қазақ көгі, оқу-білім, отайып, жайлап. |
| **Құндылық-тарға баулу:** | *Білім, Мәңгілік ел құндылықтары.* |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | «Шығамын тірі болсам адам болып» - жаттау |

**Жоспар**

| **Жоспар-ланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дерек-көздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**5 мин.** | **“Шеңберге жиналу”**<br>**“Доп лақтыру” әдісі** – *“Шығамын тірі болсам адам болып”* өлеңін жатқа айту.<br>Мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады.<br>**Топқа бөлу:** Сурет қиындыларын құрастырады **/пазл/.** | |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**5 мин.** | Мәтінді тыңдайды- аудиомәтін.<br>Мәтінді мәнерлеп оқиды. | |

2 мин.

**Түсініксіз сөздермен жұмыс: “Сөздік голл” әдісі**

| Сөз | Мағынасы |
|---|---|
| **Отайып** | **Қаулап, көктеу, бұл жерде: жайнайды.** |
| **Жайлап** | **біртіндеп** |

Аудио-мәтін

плакат

**1-тапсырма - “Қазақ көгі”** деген тіркеске назар аударып, шығарманың тақырыбы мен идеясына талдау жасайды.

**Ж.**

5 мин.

**2-тапсырма –**

***“Мұздаған елдің жүрегін***
***Жылытуға мен кірермін!”***

деген өлең жолдарының мақсаты қандай деген сұраққа жауап бере отырып, өлең жолдарының мағынасын ашатын **3 мақал-мәтел** жазады.

**Т.**

**1-топ:**

10 мин.

**5-тапсырма** – білім, ғылым, мәдениет, биіктік, мақсат сөздерін пайдаланып,

*Еңбек, бейнет тарауы*
*Рақатқа сарқылар.*
*Қыздырып күннің қарауы,*



*Надандық теңізі тартылар,* **-** деген өлең жолдарын сызбаны негізге ала отырып, талдайды:

| Бейнет | Еңбек | Рақат |
|---|---|---|
| Өз мақсатына жету үшін қиындықтар болады. | Қанша қиналсаң да түбінде жақсылыққа жетемін деген сеніммен талмай еңбектену керек. | Қиын деп орта жолда тоқтап қалмай, алға қарай жылжысаң, өмірден өз орныңды табасың. |
| | | |

**2-топ:**

**6-тапсырма** – үзіндідегі автор бейнесіне мінездеме береді:

*Қараңғы қазақ көгіне*
*Өрмелеп шығып, күн болам!*
*Қараңғылықтың кегіне*
*Күн болмағанда, кім болам?*

**3-топ: 7-тапсырма-**

берілген суреттегі ұғымдар арқылы өлеңге әдеби талдау жасайды:




**Бейнежазба**

**С.**

**Ауызша: 8-тапсырма -**

| | | |
|---|---|---|
| | *"Қараңғы қазақ көгіне*<br>*Өрмелеп шығып, күн болам!"*-<br>деген өлең жолдарын пайдаланып, ақын өмір сүрген қоғамға сипаттама береді.<br><br>**Т.**<br>**9-тапсырма – Шығармашылық жұмыс.**<br>**Өлең жолдарын аяқтап, өздері шумақ құрайды:**<br>*Тәуелсіз қазақ көгінде,*<br>*Самғаймын мен қырандай.*<br>---------------------------------<br>--------------------------------- | |
| **Са-бақ-тың соңы 5 мин.** | **Кері байланыс:**<br><br>(table below)<br><br>**Үйге:** 60-бет – "Білімсіздің күні қараң..." тақырыбына сыни ойтолғау жазады. | **А4 па-ра-ғы** |

| **Бұрыннан білемін** | **Менің ойлағаныма қайшы, кереғар** | **Мен үшін жаңа ақпарат** | **Білгім келеді** |
|---|---|---|---|
| | | | |



**К. БЕРЕКЕ,**
**«Б. Тұрлыханов атындағы орта мектебі-бақшасы» КММ.**
Үржар ауданы,
Ақжар ауылы

# Б. СОҚПАҚБАЕВ "МЕНІҢ АТЫМ – ҚОЖА"

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **5. Т/Ж 3.** Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** көркем шығармадан кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін таба алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** кейіпкердің образын өз сөзімен суреттей алады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды. |
| **Бағалау критерийі** | • шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды;<br>• талдау негізінде кейіпкерді анықтап, образын сипаттайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** іс-әрекеттер мен портреттер арқылы кейіпкер образына талдау жасай алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:***тәмпіш, танау, сұңғақ, мыту.*<br>**Диалог құруға/шығарма** |

| | |
|---|---|
| | **жазуға арналған пайдалы тіркестер:**<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.***шығарманың сен үшін тәрбиелік мәні қандай?*<br>**2.** *шығармадан алған әсерлерің қандай?* |
| **Құнды-лықтарға баулу** | "Менің атым –Қожа" хикаяты бойынша оқушыларды адамгершілікке, ұлттық немесе жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу кейіпкер образын ашу арқылы іске асырылады. |
| **Пән-аралық байланыс** | Өзін-өзі тану |
| **Алдыңғы оқу 3 мин.** | **"Серпілген сауал"** әдісі бойынша шығарма мазмұнын қайталап шығады. |
| **Жоспар** | |

| **Жоспар-ланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурс-тар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**10 мин.** | **ЖЖ**<br>Мәтін бойынша Қожаның портретін айқындайтын сөйлемдерді тауып, талдау жасайды, мағынасын түсіндіреді. | |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**28 мин.** | **С.** Кейіпкерлер портретін анықтау үшін Қожа мен Жантасты салыстырады.<br>**Т.**<br>Кейіпкердің образын өз сөзімен суреттеу үшін **"Егжей-тегжейлі баяндау" тәсілін** қолданады.<br>**Ж.** | **Венн диа-грам-масы** |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ-тың соңы**<br>**5 мин.** | Кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасау үшін **"Сана саяжолы" әдісін** қолдану.<br>**Кері байланыс**<br>**"Екі жұлдыз, бір тілек"**<br>**ҚБ. Бағалау** қол шапалақтау<br> | **Бағдаршам**<br> |

**Қосымша мәлімет**

| **Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?** | **Бағалау - оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылық-тармен байланыс (тәрбие элементі)** |
|---|---|---|
| Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды. | Кері байланыс | өзін- өзі тану |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>• Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма, қолжетімді болды ма? | | |

| | | |
|---|---|---|
| • Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқу мақсатына қол жеткізбеген болса неліктен деп ойлайсыз?<br>• Сабақ қалай және қандай деңгейде өтті?<br>• Жоспарланған саралау дұрыс іске асты ма?<br>(тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br>• Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?<br>• Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма, неліктен?<br>• Осы жоспарға қандай өзгеріс енгіземін және неге? | | |
| **Жалпы бағалау**<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты):<br>1.<br>2.<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1.<br>2.<br><br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? | | |



**Т.К. БАЙМУРЗИНА,**
**Жаңақоныс жалпы**
**орта білім беретін КММ,**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

# "АЛЫП ЕР ТҰҢҒА" ЖЫРЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **6.3.1.1**Шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра алады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Өз ойын дәлелдейді, өмірмен байланыстырады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Жоғары деңгей дағдылары |
| **Бағалау критерийлері** | Білім алушы<br>- Шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстырады. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология:**<br>*Тұңға,пәни, пенде.* |

| | |
|---|---|
| | **Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** *Тағдыр кезін келтірді, жазылған жара жаңғырды, запыраң рең, ізгілер жаны жидіді,опасыз дүние.* |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:** *Алып Ер Тұңға туралы жырлаған басқа шығармалар болуы мүмкін бе?* *Алып Ер Тұңға жыры несімен құнды деп ойлайсыңдар?* *Қазіргі уақыттың Алып Ер Тұңғалары кімдер?* |
| **Құнды-лыққа баулу** | *Тарихтың біртұтастығын, туған жеріміздің тарихындағы бірнеше мыңжылдықтарды ата бабамыздың ұлы істері арқылы бағамдату. Құндылықтарға баулу топтық, жұптық жұмыстарға бағытталған тапсырмалар арқылы іске асырылады.* |
| **Пәнара-лық байланыс:** | Тарих |
| **Алдыңғы оқу:** | **“Ассосация” әдісі** арқылы кейіпкер бейнесін топтастырады. |

**Жоспар**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурс-тар** |
|---|---|---|
| **Басы 7 минут** | **Ширату жаттығуы “Ассосация” әдісі** | |



| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>**ҚБ. Мұғалімнің сындарлы кері байланысы**<br>*– Бұл тапсырмаларды не үшін орындадық?*<br>*– Алып Ер Тұңға туралы жырлаған басқа шығармалар болуы мүмкін бе?*<br>**МТ.** Түркі ойшылы Ж.Баласағұнның “Құтты білік” дастанында берілген “Алып Ер Тұңға” туралы мадақ жырын оқуға мүмкіндік береді. | |
| **Ортасы 15 мин.** | **ТЖ “Қос диаграмма” әдісі**<br>Оқыған екі үзіндідегі ортақ ойды анықтап, екі жырды салыстыра отырып, Алып Ер Тұңғаға мінездеме берейік.<br><br><br>**Дескриптор**<br>–– Шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстырады. | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>– Шығарма кейіпкерлеріне өзіндік баға береді<br>– топтар бір-бірін бағалайды<br>ҚБ. “Бір тілек, бір ұсыныс”<br>С.<br>“Құндылықтар спектрі” әдісі
<table>
<tr><th>Тарихи құндылығы</th><th>Көркемдік құндылығы</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор<br>- Шығарманы тарихи және көркемдік құндылығы тұрғысынан талдайды.<br>-Өз ойын үш мысалмен дәлелдейді.<br>- Өмірмен байланыстырады.<br>ҚБ. Оқушылар “Бас бармақ” әдісі арқылы кері байланыс береді. Мұғалім тарапынан оқушылар дәптерлеріне кері байланыс жазылады.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>6 мин.</td>
<td>– Осы қасиеттер қазіргі адамдардың бойынан кездесе ме?<br>– Қазіргі уақыттың Алып Ер Тұңғалары кімдер?<br>Рефлексия<br>


“Бутерброд” кері байланысы арқылы сабақ бойынша кері байланыс беріледі.</td>
<td></td>
</tr>
</table>



<table>
<tr>
<td></td>
<td>Бірінші жағымды түсініктеме беріп, кейін құрылымды сын айтып, соңынан тағы да жағымды пікір білдіреді.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Қосымша ақпарат</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?<br>“Қос диаграмма” әдісі кезінде қарым-қатынас формалары бойынша саралау жүргізіледі, яғни қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі бар. Қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ жұмысына үлесін қоса алады.<br>“Талдап білу” стратегиясы кезеңінде нәтиже немесе жауап бойынша саралау барысында оқушыларға бірдей тапсырма ұсынылғанмен,</td>
<td>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлай-сыз?<br>“Ассосация” әдісі<br>Мұғалімнің сындарлы кері байланысы<br>“Қос диаграмма” әдісі<br>“Бір тілек, бір ұсыныс”<br>“Құндылықтар спектрі”әдісі<br><br>ҚБ. Оқушылар “Бас бармақ” әдісі арқылы кері байланыс береді.<br>Мұғалім тарапынан оқушылар дәптерлеріне кері байланыс жазылады.</td>
<td>Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылық-тармен байланыс (тәрбие элементі). Тарихтың біртұтастығын туған жеріміздің тарихындағы бірнеше мыңжылдық-тарды ата бабамыздың ұлы істері арқылы бағамдату. Құндылық-тарға баулутоптық, жұптық жұмыстарға бағытталған тапсырмалар арқылы іске асырылады.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| түрлі деңгейдегі жауап күтіледі және қабылданады. | | |
| **Рефлексия**<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | | |
| **Қорытынды бағалау**<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>**1:**<br>**2:**<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>**1:**<br>**2:**<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі<br>сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?<br>**1:**<br>**2:** | | |



**Ш. К. ИМАНБАЙ,**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,**
**ЖББ «№14 орта мектебі»КММ.**
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
Жаңатоған ауылы

# Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ “ЕҢЛІК- КЕБЕК” ДАСТАНЫНЫҢ ИДЕЯСЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **8.Б/С1 -** шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Оқушылардың барлығы орындай алады:**<br>Шығарманың тақырыбы мен идеясын түсінеді.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Шығарманы басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.<br>**Оқушылардың кейбіреуі орындай алады:**<br>Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді, көркемдік құндылығын бағалайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Берілген тақырып бойынша берілген тіркестермен әр оқушы өз ойын жеткізе алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>**Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** |

| | |
|---|---|
| | **1.** Менің ойымша, шығармадағы басты идея...<br>**2.** Мен оны былай түсіндіремін...<br>**3.** Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...<br>**4.** Мен мынадай қорытындыға келдім...<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.** Осы шығарма сендерге ұнады ма? Несімен?<br>**2.** Ұнамаған тұстар болды ма? Ол не? Оған кім кінәлі? |
| **Құндылық-тарды игерту** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Елжандылық, толеранттық, ұлтжандылық тәрбие. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, қазақ тілі, дене шынықтыру. |
| **Бағалау критерийі** | • Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы дұрыс анықтайды.<br>• Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді. |
| **Ойлау дағдылары-ның деңгейі** | Қолдану. Жоғары деңгей дағдылары. |
| **Алдыңғы білім** | шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспар-ланған кезеңдері** | **Уақыты** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу** | **Ресурс** |
|---|---|---|---|



| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақ-тың басы** | | **1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.**<br>**2. Психологиялық ахуал.** Оқушыларды шеңбер бойымен тұрғызу. **"Өрмекші торы" тәсілі** арқылы оқушылар жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өткен сабақ бойынша сұрақтар қояды, жауап береді.<br>Оқушыларды топқа бөлу. 1-4-ке дейін санау арқылы 4 топқа бөлу.<br>– *Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не деп ойлайсыңдар?*<br>Сабақ мақсаттарымен таныстыру. | |
| **Сабақ-тың ортасы** | | Венн диаграммасы арқылы Қыз Жібек пен Еңлік, Кебек пен Төлеген образдарын салыстырыңдар.<br>**ВЕНН ДИАГРАММАСЫ**<br><br>**ҚБ: Шапалақ**<br>**Топтық жұмыс.**<br>**2. «Қабырғадағы рөл» әдісі** бойынша | 8-сынып «Қазақ әде-биеті» оқулығының хрестоматиясы |

**Оқыту қадамдары:**
**1-қадам.** Топтарға тақырыптар ұсынылады:
**1-топ: “Дастандағы салт-дәстүр”.**
**2-топ: “Дастанның трагедиямен аяқталуы”.**
**3-топ: “Кеңгірбайдың шешімі”.**
**2-қадам.** Әр топ өз үзіндісінің тақырыбы мен идеясын анықтайды.
**3-қадам.** Әр топ өз тақырыптарының ішінен Еңлік пен Кебекке жасалған әділетсіздіктерді теріп алады.
**4-қадам.** Әр топ флипчартқа адамның сұлбасын салады. Адамның екі аяғына тақырыбы мен идеясын анықтап жазады. Адамның екі қолына Кебекке жасалған әділетсіздіктерді, ішіне, яғни жүрек тұсына Еңлік-Кебек әрекеттерін, екі көзіне “Кім кінәлі?”, басына “Қалай жеңді?” сұрағына жауап жазады. Адам сұлбасының сыртына кейіпкерге қойғысы келген сұрақтарды қояды.
**5-қадам:** Қабырғаға іліп қойып, топтар қорғайды.
**Дескриптор:**
- Үзіндінің тақырыбы мен идеясын анықтайды.
- Идеясын өз көзқарасы



негізінде жеткізеді.
- Еңлік пен Кебекке жасалған әділетсіздіктерді теріп жазып, себептерін анықтайды.
- Кейіпкерге қызықты сұрақтар қояды.

**Қалыптастырушы бағалау: “Галереяны шарлау” тәсілі.** Топтаа өзара бағалауды стикерге жазу арқылы жүзеге асырады.

**Жеке жұмыс**
**3-тапсырма**
Шығарма мазмұны бойынша берілген кестені толтырыңдар.

| Шығармадан қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселелер байқадым? | Оны қай үзінділермен дәлелдей аламын? |
|---|---|
| | |

**4-тапсырма**
Шығарманың идеясын анықтаңдар. Анықтаған идеяларыңды “ПОПС” формуласы бойынша жазбаша түсіндіріңдер.
**1.**Менің ойымша, шығармадағы басты идея...
**2.** Мен оны былай түсіндіремін...
**3.** Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **4.** Мен мынадай қорытындығa келдім...<br>**Дескриптор:**<br>- шығармадан әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді анықтайды, оны үзінділермен дәлелдейді.<br>- **бірінші сөйлемде** шығарманың идеясын анықтайды.<br>- **екінші сөйлемде** идеяны таңдау себебін түсіндіреді.<br>- **үшінші сөйлемде** идеяны нақтылауға қатысты дәлел келтіреді.<br>– **төртінші сөйлемде** идеяға қатысты өзіндік тұжырым жасайды. | |
| **Сабақ тың соңы** | | **“Хабарлама” / SMS/ тәсілі.** Оқушылар сабаққа қатысты ойлары мен ұсыныстарын стикерге жазып тақтаға іледі. | |



**Б. ЧИНИБЕКОВА,**
**Б. Момышұлы атындағы**
**Алматы республикалық "Жас ұлан"**
**мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**

# ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ “АҚБІЛЕК” РОМАНЫНДАҒЫ АҚБІЛЕК ОБРАЗЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КҮЙЗЕЛІСІНІҢ ШЫҒАРМАДА ЖИНАҚТАЛУЫ

*(11-сынып)*

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Ақбілек образының ұлттық сипаты және психологиялық күйзелісінің шығармада жинақталуын оқиға желісі арқылы талдату және шығармада суреттелген кейіпкерлерге мінездеме бергізе отырып, оқушылардың өзіндік пікірлерін қалыптастыру, көркем туындының идеясын ашу. |
| **Күтілетін нәтиже:** | - Ақбілек образының ұлттық сипаты және психологиялық күйзелісінің шығармада жинақталуын оқиға желісі арқылы талдайды;<br>- шығармада суреттелген негізгі кейіпкерлерге мінездеме беру арқылы жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің болмысымен танысады;<br>- ақ пен қара, жақсылық пен жамандық туралы өзіндік пікірлері қалыптасады, көркем туындының идеясын ашу. |

| | | |
|---|---|---|
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** | Топтастыру, РАФТ, Кубизм стратегиясы, Автор орындығы, Пікіралмасу, Бес жолды өлең. | |
| **Қолданылатын ресурстар:** | Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер. | |
| **Ұйымдастыру кезеңі:** | *- Оқушылар үш топқа бөлініп отырады.*<br>*- Алтын ереже сақтау қажеттігі туралы айтылады.*<br>*- Әр топқа бағалау парағы таратып беріледі.*<br>*- Фигуралармен бағалау әдісі арқылы бағалау үшін фигуралар таратылып беріледі.* | Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды.<br>Топ ішінде тәртіп ережелері талданып, сол арқылы сыныптың алтын ережесі ескертіледі.<br>Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. |

| **Сабақ кезеңдері:** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушылардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Білім** | **Үйге берілген тапсырманы "РАФТ" стратегиясы арқылы әр топтан сұрау.**<br>***Р – рөл***<br>***А – аудитория***<br>***Ф – форма***<br>***Т - тақырып*** | Оқушылар мұғалім берген тапсырманы орындайды, әр топ өздері таңдап алған рөлдері бойынша жауап береді.<br>Сұраққа жауап береді. |
| **Қызығушылықтарын ояту** | Бес арысты **"Топтастыру" сызбасы** арқылы сұрақ-жауап сәтін өткізу. | Бес арыс: Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы: ақын, жазушы, драматург, сыншы, публицист, зерттеуші, ғалым, аудармашы. |
| **Түсіну** | Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақтар қойылады.<br>***- Натурализм дегеніміз не?***<br>*- Натурализм XVIII ғасырдың II жартысында Францияда пайда болған. Натурализм – талдау, анализ жасау деген сөз, мұнда адамның өмірін сынақтан, эксперименттен өткізу арқылы оның мінез-құлқындағы, ой-санасындағы қайшылықтарды шешу, қалтарыстарын таныту ниеті байқалады. Бұл бағыттың негізін салған – белгілі жазушы Эмиль Золя.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***- Натурализмнің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?***<br>*- Кейіпкердің ғұмыры түрлі сынақтан өтеді. Сол сынақтан өту кезіндегі кейіпкердің бойында болатын психологиялық өзгерістерді бақылау идеясы.*<br>*- Өмір мен өлімнің күресі немесе тіршілік үшін күрес.*<br>*- Табиғат заңдылықтары мен қоғам заңдылықтарын қатар суреттеу.* | |
| **Қолдану.** Жаңа білімді тәжірибеде пайдаланып, болжам жасау, жүйелеуі. | **- Сабақтың тақырыбы:** Ақбілек образының ұлттық сипаты және психологиялық күйзелісінің шығармада жинақталуы.<br>- Осы сабақтан не күтесіңдер? Мақсатымызға жету үшін алдымызға қандай мақсат қоямыз?<br>***- "Кубизм" стратегиясы*** бойынша үш топқа тапсырма беріледі.<br>**1.** Романның басты кейіпкері Мамырбайдың еркелетіп өсірген жалғыз қызы Ақбілектің тағдырын тәлкек еткен кімдер және кейіпкерді қандай психологиялық күйзеліске түсіргенін романнан мысалдар келтіре | **Оқушы-лар-дың мақсаты**<br>- мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту.<br>Постер арқылы бар білімдерін топпен талқылап, ортаға топтан оқушы шығып, |



| | | |
|---|---|---|
| | отырып, өз сезімдеріңмен **суреттеңдер.**<br>**2.** Жазушының Ақбілек образын сомдауда басты кейіпкерді түрлі сынақтан өткізгенін, кейіпкерді түрлі психологиялық арпалысқа түсіре отырып, оған қандай ұлтымызға тән психологиялық сипат бергенін өз пайымдарыңмен **дәлелдеңдер.**<br>**3.** Жазушыны романның басты кейіпкері арқылы оқырманына не айтқысы келді, қандай идея ұсынады? Өз пікірлеріңді **баяндаңдар.** | тапсырма-ны постер арқылы қорғайды және өз пікірлерін ортаға салады, бір-біріне түсіндіреді. |
| **Талдау** | **"Автор орындығы". "Ақбілек" романы туралы пікір алмасу.**<br>- "Ақбілек" романының идеясы жазушы феодалдық-патриохалдық құрылыстың қатал заңын бұзып-жарып шығып, бақытын қажыр-қайратымен, білімімен тапқан жаңа заман әйелінің бейнесі арқылы жасағанын түсіндік. ***Жазушының "Қазақ қызы тек оқыса ғана бақытты болады" деген пікірімен келісесіңдер ме?*** | Берілген жаңа тақырыпты топтан талқылайды, өз ойларын ортаға салады, тексереді, нәтижесін тақтаға шығып тамаша жазған оқушы ортаға орындыққа отырып оқиды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Берілген сұрақтар арқылы топтар бір-біріне сұрақ қою арқылы диалогке түседі. |
| **Жинақтау** | Шығармашылық тапсырма. **“Бес жолды өлең” стратегиясы.** **1.**Зат есім. **2.**Сын есім, сын есім. **3.** Етістік, етістік, етістік. **4.** Көңіл күйді білдіретін тіркес. **5.** Зат есім. | **Оқушылар өлең құрастырады.** |
| **Бағалау** | Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойынын стикерге жазып, тақтаға іледі **(2 мин.).** Мұғалім бағалау парақшаларын жинап алады. | Оқушылар бағалау парақшасын пайдаланып бағалайды. |
| **Рефлексия** | Стикерлерді толтыру. Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну. | Ұсынылған стикерді толтырады. |
| **Үй тапсырмасы** | **“Ақбілек бейнесі”** тақырыбына эссе жазу. | |





**Э. Н. МЕДЕТОВА,**
**Есенсай орта жалпы білім беретін мектебі.**
**Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.**
Батыс Қазақстан обл.
Ақжайық ауданы

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | **Т/А 5.1.4.1** Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау. **Ж. 5.3.5.1** оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып жинақы мәтін жазу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** мәтіннен тірек сөздерді тауып, негізгі ойға қатысты жетекші сұрақтарға жауап береді, мәтін жазады. **Оқушылардың басым бөлігі:** Негізгі ойға қатысты көзқарастарын білдіреді, негізгі ақпараттарды анықтайды, дәлелдейді. **Кейбір оқушылар:** Мәтінен негізгі ойға қатысты ақпараттарды сақтап, жинақы мәтін жазады. |
| **Бағалау критерийі** | **1.**Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды. **2.**Негізгі ақпаратты сақтай отырып, жинақы мәтін жазады. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат** | Оқушылар өз беттерімен жаңа тақырыпты талдай алады.<br>**Негізгі сөздер мен тіркестер:**<br>*қазақ халқының салт дәстүрлері.*<br>Алған ақпаратты топ ортасында еркін талдайды.<br>**Жазылым бойынша ұсыныстар:** мәтінде берілген мәліметті қорытып, диалогке қатысады. |
| **Құндылықтарға баулу** | Ұлттық салт- дәстүрлер, жеті ата. |
| **Ресурстар** | Оқулық, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар, кесте, топтық тапсырмалар, кері байланыс. |
| **П ә н а р а л ы қ байланыс** | Тарих, өзін-өзі тану. |
| **Алдыңғы білім** | Қазақтың салт дәстүрлері туралы білетіндерін айтады. |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br>**3 минут**<br><br><br><br>**7 минут** | **Топқа бөлу: “Билеттер арқылы”** топқа бөлінеді. Оқушыларды кассадан билеттер алып, 1,2,3 вагондарға бөлініп отырады.<br>**Т ы ң д а л ы м а л д ы тапсырмалары:**<br>**“Ой қозғау”**<br><br>Салт-дәстүрге қатысты суреттер ілінеді. Суреттер арқылы тақырыпты болжайды. | |



| | | |
|---|---|---|
| |  <br> <br>- *Суретте не бейнеленген?*<br>- *Суретте қандай салт-дәстүрлерді байқадыңдар?*<br>- *Бұдан өзге қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?*<br>- *Күнделікті өмірде осы салт-дәстүрлерімізді қайсысын кездестіріп жүрміз?*<br><br>**Қ/Б Мұғалімнің мадақтауы.** “Жарайсың”, “Керемет”, “Тамаша” | |

| | | |
|---|---|---|
| **Ортасы 23 мин.** | **Тыңдалым кезі: Мәтінді тыңда.**<br>*Әр елдің, ұлттық өзіне тән салт-дәстүрі болады. Сол дәстүрмен әр ел өзінше ерекшеленеді. Үйлену, балалы болғанда, үй салса да, қайтыс болған адамды ақтық сапарға шығаруда да әр ұлттың өзіндік салты бар. Салт-дәстүр сол елдің жеріне, ұстанған дініне байланысты қалыптасып дамып жатады. Біздің елдің салт-дәстүрі де солай. Қыз ұзату, құда түсу де өзіміздің жөн-жоралығымыз бар. Қазақ* | Дереккөзі: https://www.zharar.com/kz/shygarma/11288-salt.html<br>© www.ZHARAR.com |

*көбіне ырымға сенген, әр нәрседе ырымдар, өзінше бір әдіс, өзгеше бір дәстүр болады. Салт-дәстүр ұлттың айнасы деп айтуға болады.*

*Салт-дәстүрді атадан балаға мұра боп өтеді. Заманына қарай өзгерістер болғанымен, түпкі мақсаты мен негізі сақталады. Мысалы айтсақ, біздің елде сүндет той, тұсау кесер, қыз ұзату, шілдехана, бесік той, келін түсіру деген сияқты рәсімдері бұрынғы аталарымыз жасағаннан сәл өзгеше дегенмен сол дәстүр жалғасып келеді. Әр ұлт ұлттық құндылығын сақтап қалу үшін өзінің тілін, дінін, салт-дәстүрін болашақ ұрпаққа түсінікті етіп, айнытпай жеткізіп отыруы қажет.*

*Біздің қазақта жеті ата деген бар. Жеті атасын білмеген жетесіз деп жатады, оның үлкен мағынасы бар. Руға, жүзге бөлініп жатады. Оныңда өзіндік пайдасы бар. Қыз ұзатып, келін аларда ең алдымен руын, тегін сұрайды. Салт-дәстүр қандай ел, қандай ұлттың болымысын өзіндік ерекшеліктерін сақтап басқа елге үлгі боларлықтай болады.*

***(195 сөз)***

**Қ/Б “Көршіңе бір сөз таңда”**

- Сен жарайсың.
- Сенің жұмысыңа мен қанағаттанамын.
- Сенің мүмкіндігің одан да зор.



**Тапсырма:**

**“Ашық микрофон” әдісі:** Ашық, жабық сұрақтарды таным деңгейі төмен және қабілетті оқушыларға қарай бағыттап сараладым (Саралау. Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.)

**1.***Салт-дәстүрлердің қалыптасу неге байланысты?*
**2.***Жеті атаңды білудің маңызы қандай?*
**3.***Мәтінде қандай салт дәстүрлер кездеседі?*
**4.***Әр ұлт ұлттық құндылығын сақтап қалуы үшін не істеу қажет?*
**5.***Қазіргі кезде салт-дәстүрді сақтау маңызды ма?*
**6.***Неліктен маңызды деп ойлайсың?*

**Қ/Б Стикерлерге арқылы бағалау.**
**Тапсырма. Топпен жұмыс**
**“Ақпаратты сүзу” органайзері**

Берілген сөздерден мәтінге қатысты тірек сөздерді сүзіп ал.

***Берілген сөздер:*** *Әр елдің, көктем, ойнайды, ұлттық өзіне*

*тән, салт-дәстүрі, ерекшеленеді, үйлену, балалы болғанда, ауыл,, үй салсада, қайтыс болған адамды, теңге, ақтық сапарға, қала, біздің елдің, доп, салт-дәстүрі, қыз ұзату, құда түсу, сандық, жөн-жоралығымыз, ырымға сенген, салт-дәстүр, атадан балаға мұра, сүндет той, тұсау кесер, қыз ұзату, шілдехана, бесік той, келін түсіру, дәстүр, кітап, оқулық, қалам, жеті ата, жетесіз, руға, жүзге, мектеп, қыз ұзатып, келін, руын, тегін сұрайды, салт-дәстүр, елге үлгі.*

**Дескриптор:**
Топта пікір алмасады.
Негізгі ақпараттарды іріктеп алады.

**Тапсырма: "Жинақы мәтін"кестесі**

Сүзгіде қалдырған тірек сөздерді негізге ала отырып, 50-60 сөзден тұратын жинақы мәтін жаз.

| Сүзілген сөздер | Жинақы мәтін |
|---|---|
| *Әр елдің, ұлттық өзіне тән, салт-дәстүрі, ерекшеленеді, үйлену, балалы болғанда, ауыл,, үй салсада, ақтық сапарға, қала, біздің елдің, доп, салт-дәстүрі, қыз ұзату,* | |



| | |
|---|---|
| *құда түсу, сандық, жөн-жоралығымыз, ырымға сенген, салт-дәстүр, атадан балаға мұра, сүндет той, тұсау кесер, қыз ұзату, шілдехана, бесік той, келін түсіру, жеті ата, жетесіз, руға, жүзге, қыз ұзатып, келін, салт-дәстүр, елге үлгі* | |

**Дескриптор:** ***1.***Өздері анықтаған тірек сөздерді пайдаланды.
***2.***Мәтіннің мазмұнын сақтайды.
***3.***50-60 сөзден тұратын жинақы мәтін құрайды.
**ҚБ: «Екі жұлдыз бір тілек»**

| | | |
|---|---|---|
| **Соңы 7 минут** | **"Рефлексиялық шеңбер"**<br>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br>*– Сабақ барысында көңіл-күйің қандай болды? Неліктен?*<br>*– Бүгін не білдің? Сен үшін не жаңалық болды?*<br>*– Сабаққа қатысуыңды қалай бағалайсың?*<br>*– Сабақта қандай қиындықтар туындады?*<br>*– Сабақ аяқталғанда, көңіл-күйің қандай? Неліктен?* | |

**Т.АШИКОВА,**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
**Б.Қаратаев атындағы Саралжын**
**жалпы орта білім беретін мектебі КММ.**
Батыс Қазақстан обылысы,
Қаратөбе ауданы,
Саралжын ауылы

# ТҮГЕЛ ТҮРКІ ТІЛІ ТОЛҒАҒАН ТОЛАҒАЙ ЖЫР

| | | |
|---|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** | **\Т\А\ 9.1.1.1** Мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру. **\ӘТН** Публицистикалық стильдің қолданыс аясын, стильдік сипатын түсіну. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Мәтін желісін баяндай алады. **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Мәтіннің стиль түрін ажырата алады. **Кейбір оқушылар орындай алады:** Публицистикалық стильді басқа стиль түріне айналдыра алады. | |
| **Қажетті құрал-жабдықтар** | Интерактивті тақта, А4 қағазы, стикерлер. | |
| **Оқыту әдістері** | “Жеребе” әдісі, “Бумеранг” әдісі, “Броундық қозғалыс”,“Көрші бағаны” | |
| **Дереккөздері** | Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар. | |
| **Жоспарланған уақыт:** | **Мұғалімнің қызметі:** | **Оқушының қызметі:** |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Мұғалім оқушылармен амандасады. Сыныпты түгендейді.<br><br>**“Геометриялық фигуралар” арқылы** топқа бөлінеді.<br><br>**Өткен материалды тексеру “Жеребе” әдісі** арқылы сұралады. Қорапшадан есімі шыққан оқушы үй тапсырмасына жауап береді.<br><br>**Қызығушылықты ояту.**<br>- *Түркі тілдерінің қандай шығармаларын бар?*<br>- *“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жыры туралы не білесіңдер?* | *Оқушылар мұғаліммен амандасады.*<br><br>*«Алпамыс батыр» жыры, «Қобыланды батыр» жыры, «Қорқыт», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» Үй тапсырмасына жауап береді.* |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма. “Броундық қозғалыс”.**<br>**Түгел түркі тілі толғаған толағай жыр**<br>**1-топ:** *Түркілердің сол замандағы фольклорының бізге жеткен сарқыншақ мұрасы да аз емес. “Алпамыс”, “Қорқыт” сияқты жыр аңыздардың сонау түркілердің бірлігі тұсында пайда болғаны, кейін әр халық өзіне оны мұра етіп лағаны – бүгінде ғылымда дәлелденгені шындық. Сондай шығармалардың бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры.*<br>*Егер “Алпамыс” әртүрлі атаумен және әр алуан көлемде қазақта, башқұртта,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *қырғызда, алтайлықтарда болса, “Қорқыт” туралы әңгіме-жырлар қазақта, башқұртта, түрікменде, әзірбайжанда, түріктерде бар. Ал “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” нұсқалары қазақта, башқұртта, татарда, ұйғырларда сақталған.*<br>**2-топ:** *“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” эпосының қай кезде пайда болғаны жөнінде ғалымдар әрқилы болжамдар айтқан. Бір топ зерттеуші бұл жыр Жошы ұлысында дүниеге келген десе, екінші топтағы оқымыстылар Ноғайлы дәуіріне телиді. Ал үшінші топтағы ғалымдар аталмыш жырдың пайда болуын қазақ хандығымен байланыстырады. Бұлардың бәрінен өзгеше пікірді Әлкей Марғұлан ұсынады. “Қозы Көрпеш-Баян сұлудың” көне сюжеті біздің замынымыздан 1-3 ғасыр бұрын пайда болған дей келіп, Ә.Марғұлан былай деп жазады: “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының қай кезде шыққанын айыратын белгінің бірі-оның күмбезі. Бұл күмбез – өте ерте уақытта, исламнан көп бұрын ғұн замыныда не түрік қағанаты кезінде тұрғызылған.*<br>**3-топ.** *Ә. Марғұлан бұл күмбездің, ондағы мүсіндердің жасалған мезгілі – Түркі қағанаты, яғни VI – VIII ғасырлар шамасы деп нақтылап айтады.*<br>*Қазіргі түркі халықтарындағы нұсқаларды жалпы мазмұны, кейіпкерлері, мифтік ситуациялары* | Топтар берілген мәтінді оқып келіс топқа түсіндіреді. Оқушылар орындарында отырып қалмауы керек. |



| | | |
|---|---|---|
| | *мен жер-су атаулары, тағы да басқа компоненттері бойынша салыстыра қарасақ, “Қозы Көрпеш – Баян сұлудың” түпкі сюжеті, шынында, сонау Түркі қағанаты тұсында пайда болғанына көз жеткізуге болады. Бүгінгі таңда осынау құнды жәдігерлеріміздің 1500 жылдығын зор мақтанышпен атап, мерекелеп жатқанымыз – бабаларымздың мұрасына деген зор ықылас қана емес, сондай-ақ бұл – өткенімізді жаңаша зерделеуге деген ұмтылыс. Қазақ қазақ болғалы өзінің төлтума дүниесін, бір ғана жырды бұлай тойлап көрген емес. Бұл - тәуелсіздіктің арқасы. Лайым, осылай жалғаса берсін!*<br>***(“Қазақ әдебиеті” газетінен)***<br><br>**Публицистикалық стиль**<br>**Публицистикалық стильдің сипаты**<br>***Публицистикалық стиль*** *жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін және дәл сол кезеңде зор мәні бар мәселелер тақырып болады. Мыс: саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер.* ***Үндеудің, үгіттің мақсаты*** *– жұртшылықты мәні бар іске қатыстыру, жұртшылықтың санасына ықпал ету.*<br>***Осы міндетке сай публицистикалық стильдің басты сипаты қалыптасқан:***<br>***1).*** *Публицистикалық сөз* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *жинақы, тұжырымды болып құралады;*<br>***2).*** *Сөз экспрессивті, екпінді болады;*<br>***3).*** *Сөз тыңдаушыларын коммуникативтік байланысқа тартатындай болып құралады;*<br>***4).*** *Публицистикалық стильдің тақырыбы өмірдің әр саласына байланысты болғандықтан, ол тақырыбына сай ғылыми стильге, көркем әдебиет стиліне жуықтап келеді.*<br>***Публицистикалық стиль ауызша және жазбаша түрде қолданылады.***<br>*Публицистикалық сөз ауызекі айтылғанда, ауызекі сөйлеу стиліне тән сипаттарға да ие болады. Ол көбінсе газет, журнал, радио, теледидар арқылы беріледі.*<br>***2-тапсырма. Айтылым***<br>*Мәтіннің қандай мақсатта жазылғанын айтыңдар*<br>***а).*** *Бұл – мақала түрінде жарияланған мәтін. Оның аталу сипатын айтыңдар.*<br>***б).*** *Мәтіннің стилін анықтаңдар*<br><br>***3-тапсырма.*** *Мақаланы көркем әдебиет стиліне айналдырып жаз.*<br><br>***4-тапсырма.***<br>***Жазылым “Бағанды толтыр” Публицистикалық стиль*** | Қазақтың ғашықтық жырлары ішіндегі ертеректен келе жатқан және қазақ арасына өте көп жайылған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” эпосының қай кезде пайда болғаны жөнінде көптеген ғалымдар әркилы пікірлер айтқан. Бұлардың ішінен өзгеше пікірді әдебиеттанушы Әлкей Марғұлан ұсынды. |



| ***Стильдік сипаты*** | ***Қолданылу аясы*** | ***Мақсаты*** |
|---|---|---|
| | | |

***“Бумеранг” әдісі.*** Әр топ 2 сұрақ құрастырып бір-бірімен алмастырады. Сұрақтарға жауап береді.

| ***Стильдік сипаты*** | ***Қолданылу аясы*** | ***Мақсаты*** |
|---|---|---|
| *1).Публицистикалық сөз жинақы, тұжырымды болып құралады.*<br>*2).Сөз экспрессивті, екпінді болады;* | *Газет-журнал, мәжіліс жиындарда.* | *Шақыру, үндеу, көпшілікке әсер ету құбылыс, оқиға мәнін ашып, бұқаралық ақпарат.* |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br><br><br>**Үйге тапсырма**<br><br><br><br><br>**Бағалау** | Газет-журналдардан публицистикалық стильде жазылған түркі тілдерінің шығармалары туралы қосымша мәлімет әкелу.<br>**“Көрші бағаны”**<br>Оқушыларға бағалау парағы беріледі. Әр тапсырма сайын оқушы өз көршісін бағалап отырады. | Оқушылар үй тапсырмасын жазып алады.<br><br><br><br>Оқушылар бағаланады. |
| **Рефлексия** |  | Стикерге жазып, тақтаға жапсырады. |



**Ү. А. БЕКТҰРҒАНОВА,**
**№ 51 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Ақтөбе қаласы

# ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсат-тары** | **Т/А. 6.1.5.1 -** тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру.<br>**ӘТН.6.4.3.1 -** көнерген сөз, диалект сөз, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу; |
| **Сабақ-тың мақсат-тары** | **Барлық оқушылар**<br>• Мәтін мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді;<br>• Көнерген сөз, диалект сөз, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қолданыс аясын түсінеді.<br>**Көптеген оқушылар**<br>• Мәтін мазмұнын түсінеді,сұрақтарға жауап береді,өмірмен байланыстырады;<br>• Көнерген сөз, диалект сөз, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қолданыс аясын түсінеді,ажырата біледі.<br>**Кейбір оқушылар**<br>• Мәтін мазмұнын түсінеді,сұрақтарға жауап береді, өз ойын өмірмен байланыстырып еркін жеткізеді;<br>• Көнерген сөз, диалект сөз, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қолданыс аясын түсінеді, ажырата біледі, мысал келтіреді. |



| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | • Мәтін мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді, өмірмен байланыстырады;<br>• Көнерген сөз, диалект сөз, эвфемизм, дисфемизм сөздердің қолданыс аясын түсінеді. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнлексикасыжәнетерминология:** *неологизмдер, лексика,термин сөздер, кәсіби сөздер, көнерген сөздер, тарихи сөздер, архаизмдер, эвфемизм, дисфемизм.*<br>**Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:** *тарихи тұлғалар, Әбу Насыр әл-Фараби, Абай, Абылай, Ұлы даланың құндылықтары, алма бағы, қызғалдақ гүлі.* |
| **Құндылықтарға баулу:** | Тарихи тұлғаларды есте сақтауға, ұлттық құндылықтарды ұлықтай білуге үйрету. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ әдебиеті,тарих, көркемөнер, бейнелеу өнері. |
| **Мектеп құндылықтары** | **Ынтымақтастық:** жақсы қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру, сындарлы тіл табу, қарым-қатынас орнатуда сыни тұрғыдан ойлану сынды қасиеттерді қамтиды. |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | **Алдыңғы біліммен байланыстыру: “Нақты сұрақ, дәл жауап” стратегиясы** негізінде алдыңғы оқу қайталанып, пысықталады. |
| **ЖОСПАР** | |

<table>
<tr>
<td>3 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br><br>3 мин.<br><br>6 мин.<br><br>3 мин.<br><br>3 мин.<br><br>3 мин.<br><br>3 мин.</td>
<td>Сабақтың эпиграфы:<br>“Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ”. Н.Ә.Назарбаев.<br>Т. Тыңдалым тапсырмасы. Оқушылар мәтінді тыңдап, мазмұнына талдау жасайды.“Тарихи тұлғалар” постер қорғау. Әр топ өз постерлерін қорғайды.<br>1-топ: – Әбу Насыр әл-Фараби кім? Шығармалары не туралы?<br>2-топ: – Абылай хан кім?<br>3-топ: – Абай Құнанбайұлы кім? Шығармаларын қазіргі өмірмен байланыстыра суретте.
<table>
<tr><th>Дескриптор</th><th>Балл</th></tr>
<tr><td>• Мәтінді тыңдайды,сұрақтарға жауап береді.</td><td>1</td></tr>
<tr><td>• Мәтіннен көнерген сөздер, диалект сөздер,эвфемизм, дисфемизм сөздерге мысал келтіре алады.</td><td>1</td></tr>
</table>
Тапсырма жеке сұралып формативті бағаланады.<br>Әр топтың жауабын формативті бағалап отыру.<br>“Екі жұлдыз, бір тілек”әдісімен<br>1-топты 2-топ,<br>2-топты 3-топ,<br>3-топты 1-топ бағалайды.</td>
<td>Келесі қысқартулар ды қолданыңыз:<br>М Н =Мұғалімге арналған нұсқаулық<br>МЖ = Мұғалім жасаған<br>ӨД = өзге дерек көздері</td>
</tr>
</table>



<table>
<tr>
<td>3 мин.</td>
<td>Ж.ЖЖ. Семантикалық кесте
<table>
<tr><th>Неологизм</th><th>Термин сөздер</th><th>Диалект сөздер</th><th>Кәсіби сөздер</th><th>Көнерген сөздер</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Оқушылар жеке жұмыс жасайды,одан кейін жұпта талқылайды. Жауаптары тексеріледі, дұрыс жауаппен салыстырылады. Әр жұптың жауабын формативті бағалау.Әр жұп өздерінің жауаптарын “Бағдаршам” әдісімен формативті бағалайды.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы:<br>1 мин.<br><br>3мин.</td>
<td>Сабақты бекіту.<br>-Балалар, қараңдаршы, ненің бейнесі? Қызғалдақ гүлінің бейнесі. Сабақтың басында тұңғыш Елбасымыздың “Ұлы даланың жеті қыры” атты мақаласы туралы айтып кеттім. Міне, Ұлы даланың жеті қырының біріне саналатын қызғалдақтың Отаны – қазақтың Алатауының баурайы. Сондықтан бүгінгі сабақта қызғалдақ тәрізді стикер үлестіріп отырмын. Ал сабақ басында алған алманың бейнесіндегі ұлы тұлғаларымыздың аттары жазылған стикерді бүгінгі сабақтан естелік ретінде өздеріңе сақтаңдар. Қазақ халқы ырымшыл халықпыз, мен де ырым етіп жазған болатынмын. Келешек сендердің де Абай, Абылай, Әл-Фараби сынды ұлы тұлға болып шығуларыңа тілектеспін.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Кері байланыс:**<br>• ***Ризамын...*** *(өзіңіз орындаған қай жұмысқа ризасыз?)*<br>• ***Түзетемін...*** *(бүгінгі орындаған тапсырмаңыз\ сабаққа қатысыңыз бойынша нені түзетесіз?) Оқушылар стикерге сабақ барысы бойынша өз ойларын жазады.*<br>**Үй тапсырмасы беріледі: 11тапсырма. 91-бет.**<br>**"Бағдаршам" әдісі** арқылы әр оқушы өзін-өзі бағалайды.<br>**Қорытындылау.**<br>Бүгінгі сабақты тұңғыш Елбасының сөзімен қорытындылағым келеді. *"Төл тарихын білетін, бағалайтын, мақтан ететін халықтың болашағы зор болады"* дейді. Ендеше өзінің төл тарихын бағалай білетін,тарихи тұлғаларын мақтан ететін, ұлттық құндылықтарын ұлықтай білетін ұрпақ бола білейік! Осындай сеніммен бүгінгі сабақты аяқтаймын. Келесі сабақта жүздескенше, аман болайық! | **С** = барлық сынып<br>**Т** = топтық жұмыс<br>**ЖЖ** = жұптық жұмыс<br>**Ж** = жеке жұмыс<br><br>**Тәж.** = оқушы тәжірибесі<br>**К** = мұғалімнің көрсетуі<br>**Ф** = формативті бағалау<br>https://tagul.com/cloud/20<br>https://www.youtube.com/watch?v=Pi-POcnr0bE |

| |
|---|
| **Рефлексия**<br>-Бүгін оқушылар не білді?<br>-Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>- Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>- Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?<br>- Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? |
| **Қорытынды бағамдау.**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды<br>жетілдіруге көмектесетін не білдім? |



**Қ.Ә. ШӘРІП,**
**"Жаңа Ғасыр" № 175 гимназияның**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Алматы қаласы

# ЭКСПО 2017 – АСТАНА ҚАЛАСЫНДА

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** | • Әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру, жаңалық) көтерілген мәселені талдау.<br>• ЭКСПО көрмесі туралы мәлімет беру, білімдерін тереңдету, көрменің біздің еліміз үшін қажеттілігі мен маңыздылығы туралы білім қалыптастыру. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монолог құрай алады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру, жаңалық) көтерілген мәселені талдайды.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| **Бағалау критерийі** | • Көтерілген мәселені анықтайды. |

| | |
|---|---|
| | • Мәселені талдайды.<br>• Қорытынды шығарады. |
| **Алдыңғы оқу** | Астана қаласы – мәдениет орталығы |
| **Жоспар** | |

| **Жоспар-ланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**10 мин.** | **Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу.**<br>- Балалар, келесі қызықты фактілерге назар аударайық және қай қала туралы екенін табайық:<br>**1998 жылы ЮНЕСКО шешімі бойынша “Бейбітшілік қаласы” деген атауға сай деп танылып, медальмен марапатталған.*<br>** Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен жоғары атақты иеленген.*<br>** Ұлан-Батор қаласынан жылырақ, ал Оттавадан суық қай қаланы білеміз?*<br><br>*- Олай болса, алдыңғы өткен тақырыбымыздың жалғасы ретінде сабағымызды бастаймыз.*<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру**<br>- *Ал енді,* | |



| | | |
|---|---|---|
| | *балалар, слайдтағы суреттерге қарап, бүгінгі тақырыбымызды болжаңдар және сурет бойынша өз ойларыңды білдіріңдер.*<br><br><br><br>*Оқушылар өздерінің көргендерін баяндайды, немесе көз алдына елестете отырып баяндайды.*<br>**Дескриптор:**<br>• *Сурет арқылы тақырыпты болжайды*<br>• *Өз ойын толық әрі нақты жеткізеді*<br>**Кері байланыс:** *– Тамаша! Бүгінгі тақырып бойынша көп мәлімет білетіндеріңді көрсеттіңдер!* | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ-<br>тың<br>ортасы<br>25 мин.** | *- Олай болса, дәптерлерімізді ашып, бүгінгі күннің ретін, тақырыпты жазайық.*<br><br>*- Балалар, ЭКСПО туралы танып білу үшін бүгінгі сабаққа қандай мақсат қоямыз?*<br>**Сабақтың мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстыру.**<br>**“Мозаика” әдісі арқылы топқа бөлу.** Оқушылар суреттегі қиындыларды таңдап алады. Олар өз қиындыларына сәйкес оқушыларды тауып, біріктіріп бір топ болады. Топқа бөлінген соң өз топтарына байланысты сурет бойынша пікірлерін сұраймын. **“Суреттердің бір-бірімен байланысы неде?”** Топтық ережені дайындап, топтар алдына таратамын. Әр топ көшбасшысын анықтату. **(ЭКСПО, Қазақстан, Астана топтары).**<br>**Тыңдалым.**<br>**1-тапсырма. Топтық жұмыс. «Еркін микрофон» әдісі.**<br>Әр топ тыңдалым мәтінінен негізгі бір ақпаратты анықтайды және оны талдайды.<br>**Мәтінді тыңда.** “Астана ЭКСПО-2017 жоғары деңгейде өтті” атты жаңалықтан үзінді көрсетіледі. | <br><br>ЖАРАЙ-<br>СЫҢДАР!<br><br>https://<br>www.<br>youtube.com/<br>watch?<br>v = J -<br>3MJ5ek4U0<br><br>80-бет<br>4-тапсырма<br>Қазақ тілі<br>6-сынып<br>«Атамұра»<br>баспасы |



**Дескриптор:**

- Негізгі бір ақпаратты анықтайды – 2б
- Көрменің жетістіктері, ерекшеліктері туралы айтады – 2б.

Кез келген өзге топтың оқушысы дайын критерий бойынша бағалап шығады және өзінің кері байланысын (нені жақсарту керек?) береді.

**Оқылым.** Сынып оқулықта берілген мәтінді оқып, көтерілген мәселені анықтайды.

**Оқылымнан кейінгі тапсырма.**

**2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі.**

Әр топ оқылым мәтіні бойынша төмендегі кестені толтырады.

***1-топ:*** бірінші бағанға жалпы сұрақтарды жазады.

***2-топ:*** екінші бағанға мәтіндегі тірек сөздерді жазады.

***3-топ:*** үшінші бағанға термин сөздерді қолдана отырып, өз жауабын жазады.

| **Сұрақтар** | **Тірек сөздер** | **Өзімнің жауабым** |
|---|---|---|
| **1.**<br>**2.**<br>**3.** | | |
| Не туралы? Аннотация, сипаттама | Мәтін не туралы? Қысқаша мазмұнын айт | Толық мазмұнын айт |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дескрипторлар:**<br>• *Проблемалық сұрақтар құрастырады – 4б*<br>• *Мәтіннен көтерілген мәселені анықтайды – 4б*<br>• *Термин сөздерді қолдана отырып, өзіндік көзқарасын жазады – 4б*<br>**Топтар бірін бірі бағалайды.**<br>**Кері байланыс: Жарайсыңдар!**<br><br>**3-тапсырма. Жұптық жұмыс. “Кезбе тілші” әдісі.** Әр топтан бір жұп шығып, “ЭКСПО-2017” көрмесінің тілшісі ретінде бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді.<br>***1.*** *Сенің ойыңша, “ЭКСПО-2017” көрмесі елімізді бүкіл әлемге танытты ма?*<br>***2.*** *“ЭКСПО-2017” көрмесі бізге не берді?*<br>***3.*** *“ЭКСПО-2017” көрмесі еліміздің экономикасына қалай әсер етті?*<br>**Дескрипторлар:**<br>• *Көрменің біздің еліміз үшін қажеттілігі мен маңыздылығын біледі - 2б*<br>• *Сұрақтарға дәлелді жауап береді - 2б*<br>*Жұптар бірін бірі бағалайды.*<br>**Кері байланыс: Тамаша! Толықтыр! Ізден!** | |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 мин.** | Мақсатты қайталау. Өткен тақырыпқа қорытынды жасау.<br>– Балалар, бүгінгі сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін не үйрендік? | |



| | | |
|---|---|---|
| | Сабақ қалай өтті? Соны еске түсірейік.<br>Слайд (сабақ мақсаттары)<br>**“Шығу парағы” арқылы бағалау.**<br><br>**Кері байланыс. “Сиқырлы сандықтың” сұрақтарына жауап береді:**<br>• *Сіз сабақта өз біліміңізді көрсете алдыңыз ба?*<br>• *Сабақ барысында қандай жаңа сөздер меңгере алдыңыз?*<br>• *Сабақ барысында сізге қаншалықты қолдау көрсетілді? (сыныптас, не мұғалім тарапынан)*<br>• *Сіз өзгелерге сабақ барысында қолдау көрсеттіңіз бе?*<br>• *Сізге сабақ барысында қолданған қай тапсырма ұнады?*<br>• *Сіз келесі сабақта қандай дағдымен жұмыс жасағыңыз келеді?*<br>• *Сабақ барысында алған біліміңізді өмірде қолдана аласыз ба?* | **Шығу парағы** |

***Тиімді топтық қарым-қатынас ережелері:***

* *Кезекпен сөйлеу;*
* *Белсенді тыңдау;*
* *Сұрақ қою және сұрақ бар ма екенін тыңдау;*
* *Өз ойларын, пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу;*
* *Ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді топпен талқылау;*
* *Жауаптарды тыңдау және оларды бағалау;*
* *Топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келу;*
* *Талқылаудың қорытындысын шығару;*
* *Дәйекті айғақтар келтіру.*

**М.С. КАМЗИНА,**
**“Жаңа Ғасыр” № 175 гимназияның**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Алматы қаласы

# ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **7.2.4.1** - идеясы ұқсас ғылыми және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің ерекшелігін салыстыра талдау.<br>**ӘТН-** мәтіннен септік жалғаулы сөз бен кейінді ықпалды тауып түсіндіру. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Мәтін мазмұнын бейнежазба арқылы түсінеді.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Мәтіндерді салыстыра отырып, стиль түрін ажырата алады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Мәтіндегі негізгі ақпаратты өмірмен байланыстырады. |
| **Құндылықтарға баулу** | Рухани құндылық. |
| **Алдыңғы оқу:** | Қазақтың ұлттық музыка аспаптары. |

**ЖОСПАР**

| **Жоспарланған уақыт 40 мин.** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы 5 мин.** | **І. Амандасу. Түгендеу.**<br>**“Бір тілек” әдісі** арқылы сыныпқа | |



| | | |
|---|---|---|
| | психологиялық ахуал орнату.<br>– Сабаққа сәттілік тілеймін.<br>**ІІ. “Суреттер сыры” әдісі** бойынша мына тақтадағы суретке қарап, алдыңғы сабақта өткенімізді есімізге түсірейік. Музыкалық ұлттық аспаптың түрін ажыратып айта қойыңдар.<br>– *Мынау қандай аспап? Ал мынау ше...*<br>– *Ұлттық музыка аспаптарының неше түрі бар екен?*<br>– *Онда бүгінгі сабағымызда не істейміз деп ойлайсыңдар?*<br>– *Домбыра туралы өтеміз.*<br>**Сабағымыздың тақырыбы:**<br><br>**Қазақтың киелі домбырасы**<br>**Сабақтың мақсаты:**<br>**1.** *Идеясы ұқсас ғылыми және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндерді салыстыра отырып талдау.*<br>**2.** *Мәтіннен септік* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *жалғаулы сөз бен кейінді ықпалды тауып, түсіндіру.*<br>Осы мақсатқа жету үшін бүгін біз мынандай тапсырмалар орындаймыз:<br>**1.** *Мәтінді мұқият оқып, негізгі ақпаратты анықтаймыз.*<br>**2.** *Мәтінді түйінді сөздермен қорытындылаймыз.*<br>**3.** *Тыңдалым мәтіннен тірек сөздерді табамыз.*<br>– Балалар, осы тапсырмаларды орындасақ, сабақ мақсатына жетеміз. Бағалау критерийімен танысады.<br>Дескрипторды әр оқушыға таратамын. | |
| **Ортасы**<br>**30 мин.**<br><br>**10 мин.**<br><br>**10 мин.** | Ал енді мынандай тапсырма орындаймыз.<br>**1-тапсырма Оқылым. Жеке жұмыс**<br>**Шарты:** *Мәтінді тізбектей оқып, негізгі ақпаратты анықта.*<br>**“4 сөйлем” әдісі** арқылы қорытындылау Уақыты-**3 мин.**<br><br>**2-тапсырма Тыңдалым. “5 минут” әдісі.**<br>**Шарты:** Тыңдалым мәтінінен тірек сөздерді тап. Уақыты-**5 мин.**<br>**Дескриптор**<br>*– Тірек сөздерді табады*<br>*– Сөйлем құрайды* | **Оқулық, маркер А4**<br><br>**Кесте №1** |



**Кері байланыс: Қол шапалақтау**

**Қ/б. Бас бармақ Мұғ:** *“Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын түсінбейді. Ол адам – тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағашта сая да болмайды, жеміс те бермейді”.*

***Б.Момышұлы.***

**3-тапсырма Жазылым**

**Шарты:**

**1-қатар:** Оқылым және тыңдалым мәтіндерін салыстырып, кестені толтыр.

| тақырыбы | құрылымы | стильдік ерекшелігі | тілдік ерекшелігі | аудиториясы |
|---|---|---|---|---|
| 1-мәтін | | | | |
| 2-мәтін | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дескриптор**<br>*– Тірек сөздерді таба отырып, тақырыбын ашады.*<br>*– Мәтіннің құрылымын анықтайды.*<br>*– Стилі мен тілдік ерекшелігін ажыратады.*<br><br>**2-қатар: 4-жатт. 1-абзацын жазады. (тақтамен, дәптермен жұмыс)**<br>Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып жазып, жай септеу мен тәуелді септеуді ажыратыңдар.<br>**Дескриптор**<br>*– Септік жалғауын қойып жазады.*<br>*– Жай септеу мен тәуелді септеуді ажыратады.*<br>**3-қатар: 1-жатт. (тақтамен, дәптермен жұмыс)** | Бейнежазба Халық әні «Домбыра» |

| | | |
|---|---|---|
| | Мәтіннен кейінді ықпалды табыңдар.<br>**Дескриптор**<br>– Мәтіннен кейінді ықпалды табады.<br><br>**Қ/б. Бас бармақ**<br>**Кері байланыс.** Бірін-бірі тексеріп, өзара бағалайды. Мен оларды бағалаймын.<br>*Алтын домбыра, кәдесый домбырасы, киіз үй, Мадақтама қағаз таратылады.*<br>*(жауаптарына қарай)*<br><br>**Сабақ мақсатына қайтадан оралу:**<br>– *Сабақ мақсаты орындалды ма?*<br>– *Сабақ түсінікті ме?*<br>**Рефлексия**<br>**Домбыра суретін бояу**<br>*-толық орындай алдым* ***(жасыл түске бояу)***<br>*-біраз қиындықтар болды* ***(сары түске бояу)***<br>*-түсінген жоқпын* ***(қызыл түске бояу)*** | <br> |
| **Соңы 5 мин.** | **Үйге тапсырма**<br>**4-жатт. 2-3 – абз. пен 5-жат шарты бойынша орындау.** | |



**Б. Б. ҚОСАНОВА,**
**№18 орта мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәні мұғалімі.**
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **8.3.5.1.** Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация,тезис.т.б.) жазу; |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>- Мәтінді оқиды;<br>- Мазмұнын түсінеді; |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>-Сұрақтар құрастыра алады; |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>-Қабілеті жоғары оқушылар ұтымды ойлар айта алады;<br>-Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша жинақы мәтін жаза алады. |
| **Тілдік мақсат:** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Тірек сөздерді таба алады, өз ойларын еркін жеткізе алады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**уран, қорғасын, күміс, мыс, көмір, газ, мұнай т.б. |
| | **Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:**<br>Қазба байлықтар,табиғи ресурстар, ғаламат байлық, мұнай қоры т.б. |

| | |
|---|---|
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>– **1.** *Өздерің тұратын жерде қандай пайдалы қазбалар кездеседі?*<br>– **2.** *Қазақстанның қай аумағында қандай пайдалы қазбалар өндіріледі?*<br>*Несебепті ... деп ойлайсыз?*<br>*– Не себепті Қазақстанды дүние жүзіндегі ең бай деген он елдің қатарына кіреді деп ойлайсыңдар?* |
| **Ишара:** | қолдау, мадақтау ишаралары. |
| **Алдыңғы оқу:** | Бізді қоршаған орта. |
| **Жоспар** | |

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың Басы.**<br><br>**5 минут**<br>**“Топқа бөліну”**<br><br><br>**Бейнеролик 3 минут** | **Ұйымдастыру.**<br>**А).** Амандасу. Алтын ережемен таныстыру.<br>**Ә).** “Мұнай”, “Газ”, “Көмір”, “Уран” сөздері жазылған қима қағаздары арқылы төрт топқа бөлу.<br>**Б).** Қазақстанның қазба байлықтары туралы бейнеролик көрсету арқылы сабақтың тақырыбын болжау, анықтау.<br>**В). Тілдік бағдар:** Бірыңғай бастауыштар мен баяндауыштар. | Қазба байлық-тардың суреттері<br><br>Қима қағаздар<br><br><br>Интерактивті тақта |
| **Сабақ ортасы**<br><br>**10 минут** | **1-тапсырма.** Мәтін. Оқулықтағы 1-тапсырма. 119-бет.<br>**1.“Мұнай” тобы**. Мәтінді оқып, әр бөлігінен алынған | |



| | | |
|---|---|---|
| | ақпараттардан жинақы мәтін жазыңдар.<br>**2. “Газ” тобы**. Тірек сөздерді бөліп көрсетіңдер. Мәтінде сандардың не туралы айтып тұрғанын табыңдар.<br>**3. “Көмір” тобы.** Мәтін мазмұны бойынша 5 сұрақ жазып, мәтінде бір сөйлеммен қорытындылаңдар.<br><br>**4. “Уран” тобы.** Мәтіннен бірыңғай мүшелерді тауып жазып, сөз құрамына қарай талдаңдар.<br>**Бағалау.** Топтар бірін-бірі **“Күлдіргіштер” әдісі** арқылы бағалайды.<br> **Өте жақсы**<br>**жақсы** <br> **қанағат** | **Стикер** |
| **12 минут** | **2-тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Жалпы сыныпқа тапсырма.**<br>**“Қазақстан – жер қойнауы бай мемлекет”** | |

| | | |
|---|---|---|
| **5 минут** | **тақырыбында эссе жазыңдар. Эссенің кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімі болсын.** | |

| **Критерий** | **Дескриптор** |
|---|---|
| Тақырыптан ауытқымау | Тақырыптан ауытқымайды |
| 7-8 сөйлем болу | 7-8 сөйлем болады. |
| Эссе кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімнен тұру. | Эссе кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімнен тұрады. |

**Бағалау:** критерий арқылы бағаланады.

**2 минут**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

**1.** – *Өздерің тұратын жерде қандай пайдалы қазбалар кездеседі?*

**2.** – *Қазақстанның қай аумағында қандай пайдалы қазбалар өндіріледі?*

**3.** – *Не себепті Қазақстанды дүние жүзіндегі ең бай деген он елдің қатарына кіреді деп ойлайсыңдар?*

**Үй жұмысы:2-тапсырма. Өлеңді оқып, бірыңғай сөйлем мүшелерді табыңдар. Қай сөйлем мүшесі екенін анықтаңдар.**

**3 минут**

**Кері байланыс “Білім ағашы”**







- барлығы түсінікті

- әлі де сұрақтарым бар





-түсінбедім

**Қосымша мәлімет**

| **Саралау** – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеттіоқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | **Бағалау** – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | **Пәнаралық байланыс** |
|---|---|---|
| 1. Төмендегі берілген сөйлемдерді бірыңғай мүшелерді қатыстыра отырып аяқтаңдар.<br><br>*Менің ойымша,мен...*<br>*Өзгелер мені...*<br>*Мен келешекте...* | №1, тапсырма бойынша оқушы білімінің деңгейін тексеру “Жапырақтар” арқылы жүзеге асырылады. №2 -тапсырма критерий бойынша бағаланады. | “Әдебиет”, “Өзін-өзі тану” пәндерімен салыстырыла жүргізіледі. АКТ түрлі-түсті суреттер мен бейнеролик көрсетуде және саралау тапсырмаларын орындауда қолданылады. Оқушыларды қазба байлықтары-мызды тиімді пайдалана білуге үйрету. |

| Рефлексия | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?** | Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері толық орындалады, себебі тапсырмалар белгіленген оқу/сабақ мақсаттарына сай жасақталады. Бүгін оқушылар Қазақстанның қазба байлықтары туралы білімдерін молайтты, оқылым стратегияларын қолдану арқылы мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну үшін оқуды,нақты ақпаратты табу үшін оқуды үйренді. |
| **Оқушылар не үйренді?** | |
| **Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?** | Сабақ жоғары деңгейде өтті. Тапсырмаларды түрлендіре беру және тиімді пайдалана өткізу арқасында оқушылар сабаққа белсене қатысты. |
| **Жоспарланған саралау іске асты ма?** | Жоспарланған саралау іске асты. Оқушылардың деңгейіне орай дайындалған тапсырмалар тиімді болды, сондықтан оқушылар оларды белсенді орындады. |
| **Уақытты қалай пайдаландым?** | Уақыт тиімді пайдаланылды. Әр тапсырма жоспарланған уақыт мөлшеріне сай орындалды. |
| **Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?** | Сабақ барысында жоспарға өзгерістер енгізілмеді. Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін, ойлау деңгейлерін, қажеттіліктерін, қабілеттерін ескере отырып жасақталды. Оқушылардың бүгінгі өтілген сабақты меңгеруі кері байланыс **“Білім ағашы” әдісін** қолдану арқылы анықталды. |

| Қорытынды бағалау |
|---|
| **Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға байланысты):**<br>**1.** Бейнеролик арқылы тақырыпты болжауы;<br>**2.** Топтарға берілген тапсырмалардың толық орындалуы;<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізетін екі нәрсе:<br>1.Қазақстанның өздері қалаған бір аймағының қазба байлықтарына зерттеу жұмыстарын жүргізсе;<br>**Келесі сабағыма қажет болуы мүмкін екі ақпарат:**<br>**1.** Жекелеген оқушылармен шығармашылық бағыттағы жұмыстарды жүйелі өткізу;<br>**2.** Жұмыстары түрлерінің тиімді жүргізілуіне бағытталуы. |





**Г. А. ТАШИРОВА,**
**Қаракемер кәсіптік колледжі.**
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы

# ОТБАСЫНДАҒЫ ӘКЕ МЕН БАЛА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары:** | **Білімділік:** Барлық оқушылар негізгі ойды айта алады, берілген тақырыпқа сенімді және еркін жауап береді.Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>**Дамытушылық:** Қазақтың отбасы және отбасындағы қарым-қатынас туралы түсінігін өз сөзімен баяндай алады. Еркін түрде өз пікірін жеткізеді.<br>**Тәрбиелік:** Отбасы – адам үшін ең маңызды құндылық екенін түсінеді. Қадірлеп, қастерлей біледі. |
| **Сабақтың типі:** | Жаңа сабақ |
| **Көрнекілігі** | Кесте, мәтіндер |
| **Сабақтың әдіс-тәсілдері:** | сұрақ-жауап, көрнекілік, талдау, |

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Басы** | **1. Ұйымдастыру кезеңі** (Білім алушылармен амандасу, түгендеу. Назарын сабаққа аудару, сабақтың мақсатымен таныстыру.) | |

| | | |
|---|---|---|
| | **2. Ынтымақтастық атмосферасын құру**<br>**3. Қызығушылығын ояту**<br>**«Ой қозғау»** арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын оқушыларға таптыру керек. **Бейнематериал**<br>**«Әке мен бала» көрінісі.**<br>*– Бейнесурет қандай әсер қалдырды?*<br>*– Сіздердің ойыңызша, әке мен баланың қарым-қатынасы қандай?*<br>*– Баланың іс-әрекетіндегі жағдай сіздің басыңыздан өтті ме?*<br>*– Балаға қандай мінездеме берер едіңіз?*<br>**Тірек сөздер:**<br>*Қарым-қатынас, отбасы, тірек, бәйтерек, рөлі, басшысы*<br>– Иә, дұрыс таптыңдар. Әрине, ол отбасымыздың тірегі – әке туралы және әке мен баланың қарым-қатынасы туралы болмақ. | ғаламтор ресурстары,<br><br>Құрал жабдықтар: АКТ, суреттер т.б. |
| **Ортасы** | **I. Білім алушыларды топқа бөлу**<br>**II. Мәтінмен жұмыс.** Мәтінді түсініп оқу, бөліктерін дұрыс табу<br>**Әке рөлі**<br>***1.****Әр отбасындағы әкенің рөлі ерекше. Әке — отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің* | |



| | | |
|---|---|---|
| | *тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы.*<br>***2.****«Әке — асқар тау», «Әке — бәйтерек» деген мақалдар әкенің беделін көрсетеді. «Әке балаға сыншы» дейді халқымыз. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен ақылдасады.*<br>***3.*** *Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуында, қоғамдағы өз орнын дұрыс таба білуінде әкенің атқаратын еңбегі ерекше.*<br>***4.****«Бір бала бар әкеге жете туар, бір бала бар атадан өте туар, бір бала бар атадан кері туар» деген халқымызда дана сөз бар.*<br><br>**III. Дәптермен жұмыс.** Мәтіннің ішінен мақал-мәтел, нақыл сөздерді теріп жазып, біреуінің мәнін ашу.<br>***1-топ*** – Әке – асқар тау;<br>***2-топ*** – Әке – бәйтерек;<br>***3-топ*** – Әке – балаға сыншы;<br>***4-топ*** – «Бір бала бар әкеге жете туар, бір бала бар атадан өте туар, бір бала бар атадан кері туар».<br>**IV. Сабақты бекіту**<br>**«Бес жолды өлең» стратегиясы** бойынша әр топ «әке» сөзіне бес жолды өлең құрастырады.<br>***Мысалы:***<br>*Әке – мейірімді, қатал*<br>*тәрбиелейді, үйретеді, сынайды* | |

| | | |
|---|---|---|
| Соңы | *Әке – отбасы тірегі, қорғаны. Асқар тау, бәйтерек.*<br><br>**Үйге тапсырма:** Отбасы туралы мақал-мәтел жаттау.<br>**Бағалау:** Оқушылар сабаққа қатынасуларына орай бағаланады. Бағалау парақшалары бойынша бағаланады.<br>**Рефлексия: «Бір сөзбен» әдісі** - Оқушылар өздеріне берілген 13 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 1 сөзді таңдап айтады.<br>• *Төзімсіздік, Қуаныш, Немқұрайлылық, Қанағаттану, Шабыт, Зерігу, Алаңдау, Тыныштық, Сенімділік, Сенімсіздік, Рахаттану, Қорқыныш, Ұялу.* | |



**І. Т. ТОХТАРХАНОВА,**
**Қаракемер кәсіптік колледжі.**
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы

# КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қолжеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | Көркем әдебиет стилі көркем сөз арқылы бейнеленетіндігін білу.<br>Көркем мәтінді тілдік құралдары мен стильдік ерекшелігі бойынша ажырату. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Білімділік:** Көркем әдебиет стилі жайлы біледі. Стилдік ерекшелігін ажыратады.<br>**Дамытушылық:** Әдебиет тілде сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Тәрбиелік:** Елін, жерінің қадірін білу сияқты ұлттық немесе жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу, ойтолғау жазу арқылы іске асырылады. |
| **Сабақтың типі:** | Аралас сабақ |
| **Көрнекілігі** | Кесте, мәтіндер. |
| **Сабақтың әдіс-тәсілдері:** | сұрақ-жауап, көрнекілік, талдау, |
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет. Тарих. |
| **Алдыңғы оқу** | Отбасындағы әке мен бала қарым-қатынасы. |
| **Жоспар** | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1.Ұйымдастыру кезеңі: «Амандасып алайық!» Сергіту сәті.**<br>*Қазақтар қол алысады.*<br>*Бразилияда иығын қағыстырады.*<br>*Қытайда бас иеді.*<br>*Зимбабеде шынтақпен,*<br>*Австралияда шапалақпен амандасады.* | |
| **С а б а қ т ы ң ортасы** | **2.Өткенді пысықтау.**<br>Отбасы туралы мақал -мәтелдер айтады.<br>Жаңа сабақ.<br>Стиль туралы түсінік беру.<br>Көркем әдебиет стилі жайлы түсінік беру.<br>***1.****Образды сөздер мол қатысады;*<br>***2.*** *Экспрессивті сөздер мол болады;*<br>***3.****Мәтінге ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп жұмсалады;*<br>***4.****Шығарма тартымды болу үшін синоним сөздер, грамматикалық амалдар көп жұмсалады.*<br>Студенттерге, яғни топ бір-біріне естіген мәтіндері бойынша сұрақтар әзірлейді және жауап береді.<br><br>***6.*****Топтық жұмыс.**<br>**Еркін жазу:** Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерін айқындайтын іс-әрекет. | |



| | | |
|---|---|---|
| | ***1 - топ.*** Образды сөздерді қатыстырып өлең не әңгіме жазады.<br>***2 - топ.*** Экспрессивтік сөздерді қатыстырып шағын мәтін құрастырады.<br>***3 - топ.*** 22-қыркүйек Тілдер мерекесіне орай 10-сынып оқушыларының арнауы (интонациалық-ритмдік әсерлігі мол арнау түрі.)<br>(Әр топ берілген тапсырма бойынша топтық жұмыс жасайды, яғни мәтін, өлең, арнау жазады.<br>**3-тапсырма 112 бет.**<br>**Кері байланыс.** *Не ұнады?*<br>*– Сен үшін бүгін не қызықты болды?*<br>*– Не қиын болды?*<br>*– Бүгінгі алған біліміңді болашақта қалай жаратар едің?*<br>*– Сабақтан алған әсерің?* | Мадақтау<br><br>Көркем сөздер жазыл-ған қағаздар |
| **Сабақ-тың соңы** | **Үйге тапсырма:**<br><br>**«Қазақы салт-дәстүрім»** тақырыбында мәтін құрастыру<br><br>**Рефлексия:** «Менің көңіл-күйім» Стикерге жазу | |
| **Бағалау** | | |

***Сыныптан тыс жұмыс***

**А.С. ИСКАКОВА,**
**Тегісшіл жалпы білім беретін негізгі мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.**
БҚО,
Жәнібек ауданы,
Тегісшіл ауылы



# ЕЛІМЕ ҚУАТ, ХАЛҚЫМА ШУАҚ БЕР, ӘЗ НАУРЫЗ!

**Мақсаты:**

**1.** Наурыз мейрамының пайда болу тарихымен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыра отырып, халқымыздың әдет-ғұрпын, мәдениетін түсініп, құрметтеуге тәрбиелеу;

**2.** Оқушыларды халқымыздың дәстүріне, әдет-ғұрпына, салт-санасына арналған жақсылық пен ақ ниетке толы бабалар жолын жалғастыруға баулу;

**3.** Оқушылардың ізденушілік, танымдық қабілеттерін дамыта отырып, психологиялық іс-әрекеті арқылы жеке тұлғаны тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Сахна төрі мерекеге сай безендірілген. «Жаңа жыл – Наурыз құтты болсын» көрме. Нақыл сөздер. Наурыз талы.

**Мерекенің жүру барысы:**

**Кіріспе.**

**1. Мерекенің ашылуы.**

Мектеп директорының құттықтау сөзі.

– Құрметті ұстаздар, ата-аналар! Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Көктем айы мен қатар даламызға жаңа жыл келді. Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады.

**1.** «Ұлыс оң болсын», «Наурыз мейрамы бірлікті, келісім мен бейбітішілікті нығайта берсін!».

***Ортаға ұлттық киім киген оқушылар шығады.***

**Наурыз тойы – ұлыстың ұлы тойы**

***1 – оқушы:*** *Жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып, ұлыстың ұлы күні келді, достар! Той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ жол болсын!*

***2 – оқушы:*** *Наурыз парсы тілінде жаңа күн деген сөз. Яғни, бұл күн – біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы. Бұл күні күн мен түн теңеліп, бұдан былай күн түннен ұзара береді. Жақсы күн жасыл көктемді жайната нұрлануда, енді жадыраған жаз келеді.*

***3 – оқушы:*** *Ұлыстың ұлы күні түнгі сағат бірде соға бастағаннан ел елжірей қуанып, есік ашып, дастарқан жайып, бірін-бірі құшақтаса құттықтайды. Бұл күні ешқандай реніш болмау керек. Әрбір адам иманжүзділік көрсетіп, қуанышын білдіріп, күлімдей, бар жақсылығын жайып салып, жадырап жүруге міндетті.*

***4 – оқушы:*** *Ұлыстың ұлы күні – жаңа күн болғандықтан көп жаңалық, қуаныш игілік осы күннен басталуға тиіс: жас баланың тұсау кесері, баланы атқа мінгізу, жас жұбайлардың шаңырақ көтеруі, жас диқанның қос бастауы, әрбір адамның жас тал отырғызуы, талапкерлердің игі – істі бастауы т.б. толып жатқан жаңалықтар осы жаңа күнде, яғни жыл басында көрінеді. Ол бастамаларды ел-жұрт қуаттай құптап, қуанышқа ортақ болады.*

***5 – оқушы:*** *Наурыз тойында әрбір адам өз шамасына қарай өнер көрсетеді: ән айтады, күй тартады, тақпақ, жыр, күлдіргі сөздер айтып, жұрттың көңілін көтереді.*

*Өнер көрсетуге әрбір адам міндетті болғандықтан тойшылар өнер көрсету үшін өздері сұранады. Мұндайда ұжымдасып, ұйымдасып өнер көрсетудің мәні зор. Халық өнерпаздардың талаптығы мен шеберлігін, дарынын жоғары бағалап, оларға ризашылығын айтып, сый-сияпат көрсетіледі.*

***6 – оқушы:*** *Ұлыстың ұлы күні әрбір адам бұрынғы реніш, өкпе, наразылары болса, бәрін кешіп, бірін-бірі мейман етеді. Той үстінде әзіл-оспақ, қалжың, күлдіргі, өсиет сөздер ғана айтылу керек. Сыйласым үстінде әрбір тойшыға лайықты сыбаға беріліп, сый-сияпаттың жаңаша түрлері көрсетілуі қажет.*

***7 – оқушы:*** *Наурыз тойының өзіне тән үлкен ырым асы – Наурыз көже. Наурыз көже жеті түрлі дәмді астың құрамынан жасалады. Оның мәні – жаңа жылда тойымшылдық, молшылық, мәнді де дәмді, татымды өмір болсын деген ырымды, тілекті паш ету. Наурыз тойындағы тағамдарды, көбінесе ақ жағы,(айран, қаймақ, қатық, құрт, ірімшік, малта) басым болады. Өйткені бұл кезде төрт түлік төлдеп, ақ молайған кез. Сондықтан да тойшылар бір-біріне: «ақ мол болсын», «сауар көбейсін» деп тілек айтады.*

***8 – оқушы:*** *Наурыз тойында әрбір адам өнермен қатар инабаттылық, имандылық, әдептілік көрсетіп, өз міндеттерін атқара алмаса, ол – үлкен айып болады. Өйткені, бүкіл адамзаттың қуанышты күнінде өз үлесін қоса алмаған адам, басқа достарының да намысын келтіреді. Ал ар-намысын қорғай алмау – әрбір адамның кесірлі кемістігі болып табылады.*

***9 – оқушы:*** *Ұлыстың ұлы күнінде өзінің игілікті істерін көрсетіп, жастар қариялардан бата алады. Халық аңызы бойынша бұл күні Қыдыр баба барлық босағаны аттап, төрге шығып, бақыт, мерей, қуаныш әкеледі, жақсылық нұрын шашады. Қыдыр баба – елге тек жақсылық әкелетін, жақсылыққа бастап, қолдап жүретін Ұлы бейне.*



***Ән «Наурыз» оқушының орындауында***

***І -жүргізуші:***

*– «Алаш! Алаш!» деп айбатын асырған ер қазақ. «Абылайлап» ел шақырған өр қазақ, «қара қазан, сары бала қамы үшін» деп ұран салған нар қазақ, кейінгі кеңес дәуірінде кетуі кетіп, бүкіл барынан да, нарынан да айырылып жадап -жүдеген, жарлы қазақ енді қайтіп амалдаймын, аман қалам ба, қалмаймын ба, ел қатарына қалай қосылам, мені жарылқап жебейтін жарық әлемде кім бар деп қамыққанда, талпынғанда қармаған талының бір бұтағы Ұлыстың ұлы күні, тіршілік басы, иесі түркі халықтарына ортақ әрі төл мейрамымыз Наурыз болды емес пе?! Ендеше, Наурыз бізге сонысымен де нұрлы, шуақты, ыстық. Ол тарихта табан тірер бұдыры, тереңге тартар түбірі, тамыры бар ұлт, шежірелі халық екенімізді білдіретін айғақты мейрам.*

***ІІ -жүргізуші:***

*– Мұсылман қауымы жыл басы деп мәртебе берген бұл күннің ұлылығы сонда, ол көктемгі жасарған табиғат құбылысымен, тіршіліктің оянуымен үндес, төл өргізіп, егін егуге кірісер уақыттағы бейбіт еңбекпен мәндес достыққа, бірлікке, елдікке шақыратын уағыздарымызбен де мағыналас. Наурыз мейрамының тағы бір қасиеті – түркі халықтарының, жалпы мұсылман қауымының туыстығын еске салып, түп тарихымызды жадымызда жаңғыртып, жердің алыс-жақындығына қарамай, арадағы шекара белдеулерін де елемей, Ұлыстың ұлы күнін пір тұтқан елдерде, жерлерде үлкен той думан аталып өтілетіндігінде. Бұл тарапта қазаққа жат ешнәрсе жоқ, оның бауырмашылдығы, жомарттығы, дархандығы, құшағының айқара ашықтығы әлемге аян.*

***І -жүргізуші:***

*Қырдан бүгін бу ықты,*
*Қуды жерден суықты.*
*Құтты болсын мерекең,*
*Наурыз айы туыпты.*
*Әне, Наурыз келеді,*

*Құлпырады жер енді.*

***Шаттық биін билеп наурыз ортаға шығады.***

***– Мерекенің нышаны «Наурызшешекті» ортамызға шақырайық.***

***Наурыз***

*Көкпеңбек дала, туындай аспан көгілдір,*
*Көк кілем төсеп, көк көйлек киген өңір дүр.*
*Бәйшешек гүлге қылтиған жанын елітіп,*
*Жадырап қалар көңілді күндей көңіл бір.*
*Кел, наурызға, пейілін көр қазақтың,*
*Бұл күні, біле білгенге, ғажап тым!*
*Ақ ұсынған ақ шәлілі әжелер,*
*Наурыз күні, біле білгенге, ғажап тым!*

Осылайша ойнап-күліп жыл басын мерекелеген жұрт ақшам түсе бір-біріне алғыстарын айтып, батасын беріп тарасып жатады.

***2. «Сарыарқа» күйі ойнайды.*** Күй бәсеңдеген кезде, көрермендер залының екі жақ бүйіріндегі есіктен бозбалалар мен бойжеткендер шығып, сахнаға қарай жүреді. Бәрі де жарқын жүзді, көңілді.

*Той басталды!*
*Наурыз тойы басталды!*
*Наурыз тойы құтты болсын!*
*Бүгін той ауылда, ағайын! – деп сөздер айтады.*

***Музыка күшейеді.***

Сахна шымылдығы ашылады, сахна төріне ауыл ақсақалдары мен бәйбішелері шығады. Сахнаға көтерілген жастар арасынан екі жігіт, екі қыз бөлініп шығып, тойға шақыру жырын айтады.

*Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!*
*Босқа қарап тұрмаңыздар!*
*Наурыз тойы басталды.*
*Көргендер де арманда,*
*Көрмегендер де арманда,*
*Қызықтан тыс қалмаңдар!*
*Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!*



*Ұлыс тойы басталды.*
*Наурыз тойын көтеріп,*
*Жар салайық әлемге.*
*Көрмегендер көріңдер,*
*Естімегендер естіңдер.*
*Дабылын Наурыздың қағайық,*
*Шақырамыз бәріңді*
*Ұлысытың ұлы күніне!*
*Жедел жүріп алаңға жетіңіздер,*
*Наурызға адал ниет етіңіздер!*
*Қарсы алып, жылдың басын, той тойлайық,*
*Ән шырқап, би билейік қауым болып.*

***Музыка күшейеді.***

***Екі оқушының орындауында ән: «Той бастар»***

Киіз үйдің есігінен жеті ақ жаулықты келіншек шығады. Қолдарында тостаған. Оларға қарама-қарсы жақтан жеті бәйбіше шығады, қолдарында шарааяқ, келіншектер бәйбішелерге сәлем беріп, қолдарындағы тостағандарға ақ құйғызады.

***(Ақты залға ауыз тигізіп үйлестіреді. Барша көрермен ақты тегіс ішеді).***

Барлық оқушылардың орындауында: ***«Қазақы дастарханым».***

***3. Күн көтеру рәсімі.***

Сахнада тұрғындардың барлығы да күнге қарап, тәу етеді.

*– Армысың қайырымды Күн – Ана!*
*Атар таңға, шығар күнге*
*Тәу – тәу!!!*
*Басымызға амандық,*
*Малымызға береке дарыта көр*
*Тәу – тәу!!!*

***Музыка күшейеді.***

Сахнада тұрған жас, кіші барлығы бірі-біріне құшақ жайып, төс қағыстырып, амандасады. Топ ішінен екі жас бөлектеніп микрофонға келеді.

*Бүгін шаттық, бүгін той,*

*Жаңарған дәстүр, жарқын ой.*
*Қыздырған Наурыз мейрамын*
*Жиналған жастар сауыққой.*
*Ән мен күйді төгілтіп,*
*Інжу-маржан шашайық!*
*Жиналған жұрт таң қалсын*
*Өнерден шашу шашайық!*

***Музыка күшейеді.***

***Музыка ойналып, «Қазақ биі» орындалады.***

Сахнада тұрған жастар: Той бастар айтатын жігіт қайда? Тойды бастайық – деген сөздер айтылады.

***4. Тойбастар жыры айтылады.*** Көпшіліктің ішінен бәйбішелер шығып, шашу шашады.

*Қашанда құт береке орнасын деп,*
*Тойларда шашу шашу – салты елімнің.*
*Уа, халайық теріп ал несібеңді,*
*Қабыл қылсын халқымның ақ тілегін.*
*Шашу! Шашу! Көп шашайық шашуды,*
*Жауғандай көк аспаннан нөсер жаңбыр.*
*Уа жамағат, жинап ал нөсеріңді,*
*Ризығың болсын көл – көсір!*
*Шашу! Шашу! Шашу!*
*Тойларда шашу шашу – салты елімнің,*
*Көңілім дархан,*
*Несібем мол болсын деп,*
*Дәм тат мынау шашылған көп шашудан.*

Бәйбішелерге келіншектер шашу табақтарын ұсынады, бәйбішелер көрермендер залына түседі де, көпшілікке шашу шашады.

Өздеріңе құт мекен болған бүгінгі даланың, сол далада мекен еткен үрім – бұтағының тіршілігін көрмек. Зәулім шаһарларға беттеп бара жатқан көштен жырылып, сендерге соға кеткелі келемін.

***Оқушылар:*** *- Апыр – ай, сізден өзге ешкім келмес пе екен бізге?*

***Тазша бала (жымың етіп):*** *– Ашаларына таянып,*



*үш абыз емпеңдеп келе жатыр еді артымнан, ендігі табалдырыққа жеткен шығар ...*

***Есікті Үйсін Төле би, арғын Қаз дауысты Қазыбек, алшын Әйтеке би ашып кіріп келеді.*** Оқушылар мәз болып, қол қусырып қарсы алады. Амандық-саулықтан кейін балалар өнерін көрсетеді. Соңынан үш жүзге билігін жүргізген көнекөз билер кетуге рұқсат сұрайды.

***1 – бастаушы***: *– Ақылы дария, көңілі көл бабалар! Сәтті жол сіздерге де тілейміз. Мына ұрпақтарыңызға ғибрат боларлықтай бірер ауыз өсиет айтпас па екенсіздер.*

***Төле би:***

*– Жаңбыр жаумаса, жер жетім,*
*Басшысы болмаса, ел жетім,*
*Ұқпасқа айтқан сөз жетім.*
*Атың жақсы болса,*
*Ержігіттің пырағы.*
*Балаң жақсы болса,*
*Жан мен тәннің шырағы ....*

*Өгізді өрге салма, қанатың талар. Наданға көзіңді салма, сағың сынар. Досыңа қаба деп, жабыдан айғыр салма, жаугершілік болғанда, жағдайлап мінер ат тумас. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылар. Қару жисаң, мылтық жи, жаяу жүрсең – таяғың, қарның ашса – тамағың. Менен ақыл сұрасаңдар, айтарым осы.*

***Қаз дауысты Қазбек:***

*– Ілкі заманда қартайған Бұқар жыраудың көңілін сұрай барып едім, балаларым. Төсекте жатқан Бұқар жырау:*

*– Бірден оңға дейін санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады. Қазбек, сен айтып берші? – деп сұрады. Мен былай деп жауап бердім.*

*–* ***Бір дегеніңіз*** *– бірлігі кеткен ел жаман.* ***Екі дегеніңіз*** *– егесіп өткен ер жаман.* ***Үш дегеніңіз*** *– үш бұтақты шідерден шошыған ат жаман.* ***Төрт дегеніңіз*** *– төскейге шыға алмаған кәрілік жаман.* ***Бес дегеніңіз*** *– белсеніп шапқан жау жаман.* ***Алты дегеніңіз*** *– аймағын билей алмаған*

*адам жаман.* ***Жеті дегеніңіз*** *– жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.* ***Сегіз дегеніңіз*** *– серкесіз бастаған қой жаман.* ***Тоғыз дегеніңіз*** *– толғаныңыз.* ***Он дегеніңіз*** *– өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз, – дедім. Қарт жырау риза болып қалып еді. Бұл айтылған нақыл сөз – тыңдай білгеннің адастырмас темірқазығы.*

***Әйтеке би:***

*– Бабаларың тыңдап, кесіміне құлдық ұрған ғибратты сөздердің бірсыпырасын айтам, сендерге жаттығы болмас.*

***Бай болсаң****, халқыңа пайдаң тисін,* ***батыр болсаң,*** *жауға найзаң тисін.* ***Бай болып, елге пайдаң тимесе, батыр болып, жауға найзаң тимесе, елден бөтен үйің күйсін.***

*Суалмайтын суат жоқ,*
*Таралмайтын бұлақ жоқ.*
*Құйрығы суда тұрса да,*
*Уақтысы жеткенде,*
*Құрамайтын құрақ жоқ.*
*Дүниеге деген фәни бұл,*
*Баласы жоқта мият жоқ.*
*Бәрінен қиын сол екен,*
*Артында жанған шырақ жоқ ...*

***Қазақтың заңғар үш биі ұрпақтарын Наурыз мейрамымен тағы да құттықтап, ақ баталарын береді.***

*Бізде Наурыз мерекесіне арналып, наурыз көже дайындалады. Оған 7 түрлі тағамның түрін салады. Ет, қатық, арпа, тұз, су, қамыр, сүт жатады. Наурыз көже ішкен адам жақсылыққа кенеліп, бәле жаладан алыс жүреді екен.*

Дана халқымыз «Батамен ел, жаңбырмен жер көгереді» деп бекерге айтпаған ғой. Қанекей, Наурыз тойының ақ батасын сұрайық.

*Қош, келіпсің, аманмын!*
*Арман тойы ананың*
*Қуанышы ғаламның*
*Құтты болсын қадамың!*

***/Қол жайып бата береді/***



*Ардақтаңдар атаны,*
*Тойсаңдар тасып, бөспеңдер,*
*Ал, тыңдаңдар батамды,*
*Топастық істі кешпеңдер.*
*Ананың сүтін ақтаңдар.*
*Ар-ұятты сақтаңдар.*
*Жалқаулық жаудан жаманды*
*Аңқау қып бұзар наданды.*
*Жеңіңдер оны күреспен,*
*Жеңіске жетер бірлескен.*
*Кең пейіл, дархан халқымыз,*
*Кеңейсін дәстүр-салтымыз.*

***5. Ақ киім киген 7 қыз 7 шырақпен сахнадан түсіп, көрермендер арасымен жоғары көтеріледі.*** Сахнада шамшырақтар жанады. Аластау жыры сахна сыртында оқылады:

*Алас, алас, пәледен қалас!*
*Алас, алас, пәледен қалас!*
*Алас, алас, пәледен қалас!*
*Жаңа жыл жарылқа,*
*Ескі жыл есірке!*
*Пәле-жаладан сақтай гөр,*
*Жамандық әрі кет, әрі кет!*
*Ескі жыл кетті, жаңа жыл жетті*
*Айдан аман,*
*Жылдан есен болайық.*
*Алас, алас, пәледен қалас!*
*Алас, алас, пәледен қалас!*
*Алас, алас, пәледен қалас!*

***Сахна сыртындағы сөз:***

*– Аластау – халқымыздың ғұрпы бойынша өткен күндердегі ауырлық, реніш, сырқат бәрі ескі жылда, басқан ізде, жанған отта қалсын, жаңа жылда көңілдегі көркем ой, асыл арман, ақ тілектеріміз қабыл болсын деген ниетпен орындалатын мейрамның басты рәсімі.*

***6. Оқушылар тақпақтарын аяқтай бергенде, есік***

***ашылып, өңі алау -далау, алқынып бір бала кіреді.*** Басында кепе, үстінде жамау-жасқаулы ескі шапан, аяғында қазақы шоқайма етік.

*- Ау, амансыңдар ма, балалар, қадірменді аға, әпкелер! Ұлыстарың оң болсын, қуаныштарың мол болсын.*

***1 – бастаушы:*** – Айтсын. Рахмет, тілегіңе. Бірақ, кім екеніңді танымай тұрғанымыз. «Мыңның жүзін білгенше, бірдің атын біл» деген бар, құрдас. Ныспыңды айт, қайдан келесің? ..

***Тазша бала:*** *– Алда айналайын - ай! Баяғыда Әйтеке би:*

*Әкемді сұрасаңыз – жетесіз,*
*Шешемді сұрасаңыз – некесіз.*
*Туа салған бір баламын,*
*Тегімді сұрап нетесіз? – деген екен. Сол айтқандай, түптеп келсек, бәріңе таныс Тазшаның дәл өзі боламын. Кәдімгі, есер ханды мүдірмей қырық өтірік айтып, тәубесіне келтіріп, жарты патшалығын алып байып, қызын алып, күйеу болған шонжарың мен. Жас құсақ, сендердің аталарыңның аталары маған іні болып келеді. Халқымыз наурызды тойлап жатыр деген соң тарих қойнауында шыдап жата алмай жеткенім ғой бұл. Бай қалпымда келсем танымай қалар деп өзімнің сүйікті киімдерімді киіп шығып едім.*

***2 – бастаушы.*** *– Оу, Тазша бала, жо-жоқ баба, жорытқанда жолыңыз болсын, жолдасыңыз Қыдыр болсын. Әйтсе де сұрауға рұқсат ет, жалғыз келемісіз?*

***Тазша бала:*** *– Қайдан жалғыз шығайын. Халқыма асыққан мен ғана емес екенмін. Ел билеген хандар байрақ ұстаған батырлар, аузы дуалы билер, ертегілер еліндегі өздеріңе таныс кейіпкерлер бірігіп жолға шығыпты.*

*Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша Ұлыстың ұлы күні даланы Қыдыр баба аралайды. Қыдыр баба – адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял – ғажайып бейне.*

***Сахнаға ауыл үлкендері шығады. Қыдыр баба келеді,***



***батасын береді.***

***Қыдыр Баба:***

*– Ал тыңдаңдар, батамды,*
*Ардақтаңдар атаны.*
*Тойсаңдар тасып, бөспеңдер,*
*Топастық істі кешпеңдер*
*Ананың сүтін ақтаңдар*
*Арларыңды сатпаңдар.*
*Жалқаулық жаудан жаманды*
*Аңқаулық бұзар наданды.*
*Жеңіңдер оны күреспен,*
*Жеңіске жетер бірлескен.*
*Кең пейіл, дархан халқымыз,*
*Кеңейсін дәстүр-салтымыз.*
*Дәстүрін елдің сыйлаңдар!*
*Дәстүрлі салтты тойлаңдар!*
*Орындалсын ойларың,*
*Тойға ұлассын тойларың!*

***Қорытынды:***

Дәстүрлі Ұлы Наурыз тойымыз жылдан-жылға жалғаса берсін. Әр наурызды тек аманшылықпен қарсы алайық. Наурыз елімізге құт береке әкелсін!

*Береке күннен-күнге таса берсін,*
*Халқымның үстемдігі аса берсін.*
*Күш қосып, ұйымдасып, қоғам болып,*
*Ер өрлеп, ілгері аяқ баса берсін!..*

**М.Х. ТУЛЕУБАЕВА,**
**Абай Құнанбаев атындағы**
**№5 мектеп-гимназия.**
Қарағанды облысы,
Абай қаласы

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ

***(Зерттеу сұрағы: "ҚР Тәуелсіздік туралы" Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?)***

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)** | **9.3.1.6** Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап қорытындылау. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлығы:** Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап қорытындылау.<br>**Көпшілігі:** ҚР Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңының тарихи маңызын талдау.<br>**Кейбірі:** Тәуелсіздікке қол жеткізгені туралы ақпараттарды қолдана отырып, дәйекті қорытынды жасау. |
| **Бағалау критерийі** | Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап қорытындылай алады.<br>ҚР Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңының тарихи маңызына талдау жасай алады.<br>Тәуелсіздікке қол жеткізгені туралы ақпараттарды қолдана отырып, дәйекті қорытынды жасай алады. |



| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқылым:** мәтінмен жұмыс<br>**Жазылым:** деректермен, терминдермен жұмыс, эссе<br>Тәуелсіздік, Егемендік, бүкілхалықтық сайлау, ҚКСР, БҰҰ, ҚР Конституциясы<br>**Айтылым:** өзіндік пікір, еркін әңгіме.<br>**Тыңдалым:** бейнетаспа, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс. |
| **Құндылықтарға баулу** | Тәуелсіздік – сан мың ғасырлар бойы аңсаған ата-бабаларымыздың асыл арманы. |
| **Пәнаралық байланыс** | **Құқық:** ҚР Тәуелсіздік туралы Заңы.<br>**География:** Тәуелсіз Қазақстан картасы. |
| **Алдыңғы білім** | Қайта құру жылдары Қазақстандағы демократиялық үрдістер қоғамдық сананы қалай өзгертті? Оқушылар алдыңғы білімді меңгерді. |
| **САБАҚ БАРЫСЫ** | |

| **Уақыты** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері.** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Минут**<br>**1 мин**<br><br>**1 минут**<br><br>**6минут** | **Ұйымдастыру**<br>Оқушыларды оқу үрдісіне бағыттау, мақсат-міндеттерін айқындау.<br>Зейінді шоғырландыру.<br>*-Мен кей кезде өзімді құмырсқадай сезінемін, себебі*<br>*-Мен самал желге ұқсаймын, себебі*<br>*-Мен жұлдызбын, өйткені*<br>*-Мен өзімді бесаспап* | ҰМЖ. МАН 44б интернет ресурстары |

| | | |
|---|---|---|
| | *санаймын, өйткені*<br>*Топқа бөлу:(сабақ тақырыбына қарай бағыттау)*<br>*-Тәуелсіздігіміз мәңгі болу үшін елімізге қажет басты құндылықтар?* | 9 - с ы н ы п . оқулық. 276-280б |
| **2 минут** | **Олай болса, қазір қима қағаздар арқылы 4 топқа бөлінеміз.**<br>*– Ынтымақ;*<br>*– Татулық;*<br>*– Бірлік;*<br>*– Достық.* | |
| **10 минут** | **Үй тапсырмасын сұрау**<br>**«Хан талапай» ойыны** (нөмірленген асықтар бойынша арнайы сұрақтар әзірленген.)<br>*-1985ж сәуір Пленумы, 1986ж КОКП XXVII сьезінде қаралған мәселелер неге шешімін таппады?*<br>*-Дағдарыс кезіндегі республиканың қоғамдық-саяси жағдайына сипаттама бер.*<br>*-1986ж желтоқсан оқиғасының уақыты, себебі, мақсаты, қозғаушы күші, сипаты.*<br>*-Қайта құру жылдары Қазақстандағы демократиялық үрдістердің қоғамдық* сананы өзгертуге ықпалы болды ма?<br>**Кері байланыс:**<br>*– Иә, Ол бүкіл халықтың өміріне әсер етіп, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды, алып империяның күйреуіне, мемлекеттің егемендігінің жариялануына алып келді.* | |



| | | |
|---|---|---|
| | **Сабақтың ортасы (25 минут)** | **1-слаид** |
| **3 минут** | **1-Тапсырма: Ой қозғау:** Тәуелсіздік – сан мың ғасырлар бойы армандаған ата-бабамыздың асыл арманы.<br>– Тәуелсіздік деген ұғымды қалай түсінеміз?<br>– ҚР Тәуелсіздігі қашан жарияланды?<br>Кері байланыс: Ендеше, экранға назар аударайық! **Тәуелсіздік ұғымы.** | **2-слайд**<br>**оқулық 297-302б** |
| **3 минут** | **2-тапсырма:**<br>**Мәтінмен жұмыс:** Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жөніндегі ***Конституциялық Заңы.*** Қазақстан Республикасының ***мемлекеттік рәміздері.*** Қазақстан Республикасының ***Конституциясы.*** | **МАН 19б**<br>**оқулық үлгі 298б** |
| **3 минут** | **"Түртіп алу" әдісі** бойынша оқушылар мәтіннен өздеріне қажет деп есептеген ақпаратты, термин сөздерді дәптерлеріне түртіп алады.<br>**3-тапсырма:** Тұжырымдамалық карта: Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, кестеге түсір. | **оқулық 300-302б** |
| **7 минут** | **4-тапсырма: Пирамида әдісі:** *– ҚР Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?(бірнеше маңызын пирамидаға орналастыр.)*<br>**5-тапсырма:** Тәуелсіздік – сан мың ғасырлар бойы аңсаған ата-бабамыздың асыл арманы **(эссе жазу).** | **интернет ресурс-тарын пайда-лану.** |

| | | |
|---|---|---|
| | **Критерийлер:**<br>*Жоспарлау;*<br>*Анықтама*<br>*Сипаттама Тәуелсіздік текке бізге келмеген*<br>*Дәйек Тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік?*<br>**Қорытынды Өз пікірім:** Мәңгілік Елдің ұрпағы ретінде мен не істей аламын?<br>-Үлгі ретінде 1-2 оқушыға оқыту, үй тапсырмасы ретінде жалғастырып жазып келуді ұсыну. | **жоспарды оқушыларға беру** |
| **7 минут** | **Сабақтың соңы**<br>**Бекіту: Кері байланыс: «Тәуелсіздік шежіресі»**<br>- сәйкестендіруге арналған тест тапсырмаларын оқушыларға тарату.<br>**6-тапсырма:** Қажетті жылдарды орын-орнымен сәйкестендіріп қойыңдар.<br>**Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы: Аяқталмаған сөйлем әдісі «Мұғалімге жедел хат»**<br>*– Бүгінгі сабақта мен ...түсіндім...білдім...көз жеткіздім.*<br>*– Бүгін сабақта қуантқаны....*<br>*– Мен өзімді...үшін мақтар едім.*<br>*– Маған ерекше ұнағаны....*<br>*– Сабақтан соң маған....ой келді.*<br>*– Бүгін маған...сәті түсті.* | |



| | | |
|---|---|---|
| | *– Қызықты болғаны...*<br>*– ....қиындық тудырды*<br>*– Менің түсінгенім....*<br>*– Енді мен....аламын*<br>*– қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет.*<br>**Үй тапсырмасы:** эссені аяқтап келу. Хронологиялық тапсырма. | |

| **Саралау** – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | **Бағалау** – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
|---|---|---|
| Мен сабағымды жоспарлағанда, “Ой қозғау” “Түртіп алу әдісі” “Тұжырымдамалық карта” “Аяқталмаған сөйлем” әдісі, эссе жазу әдістері бойынша тапсырмаларды іріктеп жобаладым. Қабілеті жоғары оқушыларға жоба қорғауға дайындық, эссе жазу, дисскуссиялық ойын сияқты жұмыстарды бере отырып, олардың пікір айта білу, ойын дәлелдеуге жетелеу арқылы табысқа жетуге болатынына көз жеткіздім. Оқушыға жеке қолдау көрсетуде, | Ой қозғау, Түртіп алу әдісі, Тұжырымдамалық карта, Аяқталмаған сөйлем әдісі, эссе жазу әдістері бойынша тапсырмаларды орындау деңгейіне қарай бағалау арқылы, критерийлер бойынша талдау, кері байланыс жасау арқылы тексеруді жоспарладым. | Бөлменің жарықтығы, оқу құралдарын түгендеу, ауаны тазартып отыру, орындықтар мен жұмыс үстелінің жұмыс істеуге ыңғайлы орналасуы. |

| | | |
|---|---|---|
| оқу материалы мен оқу ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, түрлендіруге болатынын ескердім. | | |
| **Сабақ бойынша рефлексия** | Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? | Сабақ мақсаттарым оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай шынайы, қолжетімді, жүйелі құрылды. Барлық оқушылар ойлау деңгейінің бастапқы үш деңгейдегі тапсырмаларын орындауда қиындық келтірген жоқ. Сабақта саралау дұрыс жүргізілді, тиімді әдіс-тәсілдер мен сабақ жоспарының жүйелі құрылуы-табысқа жетудің бірден-бір көзі болды. Уақыт ұтымды пайдаланылды, сабақ барысында кездескен проблемалардың шешімі оң нәтижесін тауып отырды. | |



**Жалпы бағалау**
Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?
**1.** *Оқушылардың белсенділігі.*
**2.** *Тиімді әдіс-тәсілдердің ұтымды қолданылуы.*

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?
**1:** *Оқушылар ізденушілік-зерттеушілік жұмыстарын дамытса.*
**2:** *Уақытты тиімді пайдаланса.*

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? Келесі сабақта оқушылардың рефлексиясына назар аудара отырып, қарқынды оқу әдісін назарға ала отырып, сабақты жоспарлаймын.

**Р. КЕНЖЕБАЕВА,**
**С.Жиенбаев атындағы облыстық**
**жасөспірімдер кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы.

# АТА САЛТЫҢ – ХАЛЫҚТЫҚ ҚАЛПЫҢ

Қазақ халқының баға жетпес байлығы ол – тілі және салт-дәстүрі. Қазақ халқының салт-дәстүрлері атадан балаға жалғасып отыратын тұрмыстық әлеуметтік ұстанымдары. «Ата салтың – халықтық қалпың» демекші, өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрлерімізге мейлінше құрметпен қарап, оларды қастерлеу – барша қазақтың елдік намысы. Ертеңгі ұрпағымыздың ұлтжанды, Отаншыл болып өсуі – тәрбиелік дәстүрлерді аталар сабақтастығын үзбей насихаттап, бағыт-бағдар беру үлкен міндетіміз. Осы орайда, С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы дәстүрлерді насихаттау мақсатында «Қазағымның салт-дәстүрлері-ай» атты этно мерекелік шараны Маңғыстау облысындағы Қабиболла Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасымен бірлесе онлайн-конференция түрінде өткізді. Шараның негізгі мақсаты бір қазақ елі болсақ та, әр өлкенің өзінің қоныстануына және тыныс тіршілігі, тұрмыстық жағдайларына байланысты түбі бір дәстүріміз әр жерде әр түрлі болып кездесетіні мәлім. Осыған орай екі облыстың дәстүрлерінің ерекшелігін қандай өзгешелігі, айырмашылығы, ұқсастығы бар екендігін танып білу мақсатында ұйымдастырылды. Шара барысында маңғыстаулық әріптестер жыл басы наурыз мерекесі қарсаңында көрсетілетін сыйластықтың бастауы, туыс, дос-жарандардың, көршілердің бір-бірімен көрісіп, қол алысатын амал күнінде жасалатын әрекеттерін, келіннің сәлем салуы, қыз ұзату тойынан көрініс қойып, өңірлерінің ерекше салттарынан үзінді көрсетті. Және де қазақи киімдерін дәріптеп, әдемі, сән үлгісін көрсетті. Жалпы біздің Ақтөбе өңірі де – салтқа бай. Дәстүрін дәріптеп, салтын сақтап, ырым-жоралғысын жоғалтпай қазақи қаймағы бұзылмаған бай өлке. Әр өңір болсақ та бір қазақпыз. Біздің кітапханамызда дүниеге келген баланы қырқынан шығарып, бесікке салып өз жоралғы-ырымдарымызды жасап қалыс қалмадық.

Шарамызда ұлы даланы ұлықтаған, салт-дәстүрін ұмытпаған, ұлт санасын жаңғыртуда ата тәрбиесін сабақтастырып ұрпақ санасын халықтық қалпымен жеткізе білген көненің көзі асыл қарттарым, батагөй қариямыз Людмила Байқадамова, мәдениет саласының ардагері Айсара Айтуғанова апайымыз келіп, Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенттеріне өз білгендерімен бөлісіп, баталарын берді. Асыл әжелерімізден тәлім-тәрбие алып, тозығы жетседе атадан қалған озық салт-дәстүріміздің әдемі көрінісі жастар санасын әсерлі жаулағандай болды. Шара барысында кітапхана қызметкері Құлман Нұрзат әуезді ән шырқаса, жастарымыз тақырыпқа сай өлеңдерін мәнерлеп оқып берді.

«Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақалалары аясында ұмытылып бара жатқан дәстүрлерімізді жаңғыртып, биылғы «Жастар жылы» жастарға қолдау, оларға бағыт бағдар беру кешегі мен бүгінгіні ұштастырып, жастар санасын оятуға бағытталған бұл шара өз деңгейінде өтті.

**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті”** –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.
Басуға 05.05. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84х108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**
**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер...............268-32-48.
Факс......................243-15-53.
**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.
**Журнал сайты:** www.kazhu.kz
**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2019 ж., 144 бет, Алматы.